

# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau.offset@mail.ru

alatau\_gazeti

alatau\_gazeti

ӨЗЕКТІ

## ҚАЗАҚСТАНДА АЙНАЛЫМНАН ШЫҒАТЫН БАНКНОТТАР ТІЗІМІ

Қазақстандықтар әлеуметтік желіде бірнеше банкноттың айналымнан шығуы мүмкін екенін талқылап жатыр. Tengri Life редакциясы Ұлттық банкке сауал жолдап, қандай купюралар шынымен біртіндеп айналымнан шығатынын және мұндай купюрасы бар азаматтар не істеуі керек екенін анықтады.



Бұған әлеуметтік желіде тараған жазба себеп болды. Онда жақын арада 500, 2 000, 10 000 және 20 000 теңгелік бірнеше банкнот айналымнан шығады деген ақпарат айтылған. Қарт адамдарға жаңа купюраларды айырату қиындап бара жатқанына шағымданды.

- «Мұның бәрі не үшін керек? Осы өзгерістен ебден шаршадық».
- «Еріккеннің ермегі! Ал қарттарға ыңғайсыз! Кассада осы қағаздармен әжейдің ебден әуреге түскенін өз көзіммен көрдім».
- «Шынымды айтсам, 10 000 теңгелік үлкен купюра ұнамайды — тым үлкен, әрі ыңғайсыз. Қолыңа ассигнация ұстап тұрғандай боласың».
- «Естелікке тым болмаса бір 5 000-дық купюра алып қалғандар бар ма?».

### Ұлттық банк не дейді?

Ұлттық банктің баспасөз қызметі ескі банкноттардың бір бөлігі шынымен де біртіндеп айналымнан шығарылып жатқанын растады. Алайда бұл банкноттарға бірден тыйым салынады деген сөз емес. Әңгіме купюраларды жаңа серияларға жоспарлы түрде ауыстыру туралы болып отыр.

Айналымнан біртіндеп шығатын банкноттар:

- 500 теңге (2017 жылғы үлгідегі);
- 2027 жылғы 24 желтоқсанға дейін жаңа банкноттармен қатар айналымда болады;
- 1 000 теңге (2014 жылғы үлгідегі);

айналымнан біртіндеп шығады — пайдаланудың түпкілікті мерзімі 2027 жылғы 27 наурызға дейін;

- 2 000 теңге (2012 жылғы үлгідегі); қатар айналымда болу кезеңі 2026 жылғы 24 маусымға дейін жалғасады;
- 10 000 теңге (2012 жылғы үлгідегі); айналым мерзімі 2027 жылғы маусымға дейін ұзартылды;
- 20 000 теңге (2013/2015 жылғы үлгідегі); ауыстыру 2027 жылы жаңа купюра шыққаннан кейін басталады. Содан кейін ескі банкнот дүкендерде әлі де қабылдана береді, бірақ ауыстырылуына қарай біртіндеп айналымнан шығады.

Ұлттық банк қатар айналым кезеңі аяқталғаннан кейін де купюраларды мына жерлерде айырбастауға болатынын атап өтті:

- екінші деңгейлі банктерде;
- «Қазпошта» бөлімшелерінде — үш жыл бойы;
- Ұлттық банктің филиалдарында — мерзімсіз.

**Еске салайық, 2011 жылғы үлгідегі 5 000 теңгелік купюра 2025 жылғы 25 қыркүйектен бастап қабылданбайды. Енді оларды екінші деңгейлі банктерде, «Қазпошта» бөлімшелерінде және Ұлттық банктің аумақтық филиалдарында тек айырбастауға болады.**

*Giaterem volorit estiorat prae si temporepedis venis dips deliqui dolesed*

Қазақстан Ұлттық банкінің Жетісу облыстық филиалы басшыларының назарына!

## 1 ТЕҢГЕ АЙНАЛЫМДА БАР АҚША МА?

**Біздегі айналымдағы ақшалардың ішінде 1 теңге айналымнан қалғалы қашан! Сенбесеңіз ақша салатын әмияныңызды ақтарып көріңіз! Таппайсыз.**

Ал тиын ше? Тиын деген аты болмаса, айналымда ол тиынның заты да жоқ. Тиын деген саны жазылып тұрғанмен, төлем ақшасы ретінде пайдаланылмайды. Өйткені сізге тиыны жазылып тұрған төлем түбіртегіде тиынды теңгеге толықтырып төлетеді, тиын-тебен қайтарылмайды.

Мысалы, пайдаланған жарық, газ, су үшін тарифтерде түбіртекте 5 мың 958 тиын деп көрсетілгенімен, сізден олар

күтіп тұрмын!» – деймін. Сөйтсем қыз: «Сдача жоқ, болды, бара беріңіз!» – деді. Мен: «Неге жоқ, 299 теңгенің орнына 300 теңге бердім, 1 теңгемді қайтармайсың ба?» – десем, маған қарап әбден күлді: «Бізде ондай сдача қайтарылмайды» – дейді. «Онда неге 299 теңге деп жазасың, 300 теңге десең болмай ма?» – десем, «Бұл маркетингтік тәсіл ғой!» – дейді. Сонда ол заттың ақшасынан 1 теңгеден өз қалтасына қанша салатынын есептеп көріңіз! Заңдастырылған маркетинг, яғни, тұтынушының теңгесін жеу тәсілі ме сонда?

Бірде автобусқа мінген әйел жүргізушіге 1 тиыннан құралған 120 теңге ұсынып еді жүргізуші оны алмай, ашу



тура 6 мың алады. «Сдача» деген жоқ, өйткені айналымда тиын жоқ. Айналымда болмаған соң, сіз де «сдачаңызды» тастап кете бересіз. Керемет байсыз ғой... немесе «ой қойшы, сол тиын-тебеге бола», – деп қолды бір сілтеп жүре бересіз.

Жақында қытай заттарын сататын дүкенде дастархан сүртетін жеңіл салфеткаларды 299 теңгеде сатып жатыр екен. Сапасы да, түрі де жақсы. Сатушы қызға 300 теңге бердім. Алып ақшаны кассалық қапшығына салды. Мен не істер екен деп күтіп тұрдым. Сөйтсем маған: «Неғып тұрсыз кетпей?» – дейді. Мен: «Сдачаны

шақырды: «Мен қайтемін ол 1 тиындарды, менен кассир қабылдамайды оны» – деп азар-безер болды.

**Бірінші сұрақ:** Тиынды ақшаға дөңгелентіп теңгемен есептеу дұрыс па?

Дұрыс емес болса оған кім жауапты? Айналымда тиындар неге жоқ? Жоқ болса неге алынып тасталмайды?

**Екінші сұрақ:** Ірі қағаз ақшаларды неліктен қайта-қайта дизайны өзгертіліп, айналымнан алынып жатыр?

«Алатау» газетінің оқырмандары осы сұрақтарына жауап күтеді.

Дайындаған Баян ТАҒАТАРОВА

## БАЙҚАУ

БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР НАЗАРЫНА!

Сіздерден Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлер ерлігін газет беттерінде жариялап, ерлігін елге танытқан қазақстандық әскери тілшілер мен фото тілшілер туралы жарияланымдар күтеміз. Ізденістеріңіз «Алатау» газетінде 26 маусымға дейін жарияланады. Үздік мақалаға бас редактордың жүлдесі бар.

## «ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»



Жарияланған мақалалар ТМД елдері құрған «Отанға тарту – Подарок Родине» чатында жарияланады. Чаттың әкімшісі елімізге танылған ғалым-тарихшы, журналист, Қазақ Ұлттық университетінің белсенді профессоры Ләйлә Ахметова.

Байланыс телефоны: 8 776 970 0718

Э/пошта: alatau.offset@mail.ru

**ҚЫСҚА ДА НҰСҚА****358 ЕЛДІ МЕКЕННІҢ БАС ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ**

Жетісу облысында 358 елді мекеннің бас жоспары толық бекітіліп, өңірді жоспарлы дамыту жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Бұл туралы Даркен Нұржанов мәлімдеді.

Бүгінде облыстағы 60 елді мекен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларымен қамтылған. Сонымен қатар өңірдегі барлық ауылдар мен қалалардың электрондық картасы әзірленіп, цифрландыру бағытындағы жұмыстар қолға алынған. Бұл жүйе мекенжайларды нақтылауға және ақпараттық базаларды жаңартуға мүмкіндік береді.

2026 жылдың алғашқы төрт айында құрылыс және реконструкция саласы бойынша 1020 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, 835 эскиздік жоба келісілген. Сондай-ақ биыл Алакөл және Ескелді аудандарындағы бірнеше ауылдың қала құрылысы құжаттарын әзірлеу басталды.

**БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КЕШЕНІ**

Жетісу облысының Ескелді ауданында жаңа балық шаруашылығы кешені салынып жатыр. Жобаға жеке инвестор шамамен 1 млрд теңге инвестиция құйған. Нысанның құрылысымен жұмыс сапары барысында облыс әкімі Бейбіт Исабаев танысты.

Шаруашылықта ханбалық, тұқы және бекіре тұқымдас балықтарды жасанды өсіру жоспарланған. Мұнда уылдырықтан бастап дайын өнімге дейінгі толық өндірістік цикл жүзеге асырылады. Қазіргі кезде алғашқы ғимарат іске қосылып, 1,2 млн шабақ өсірілуде. Жоба биыл күзде толық аяқталады деп күтілуде.

Кешенде 93 бассейн мен арнайы тоған салынып, жылына 80 тоннадан 1 мың тоннаға дейін өнім өндіру көзделген. Қазір шаруашылықта 12 адам еңбек етсе, жоба толық іске қосылғанда жұмысшылар саны 30-ға жетеді.

**ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАРУДА**

Облыс орталығы Талдықорған қаласында тұрғындарды сапалы жылумен қамтамасыз ету мақсатында жылу желілерін жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Биыл «Ұлттық жоба» аясында Жансүгіров көшесі бойындағы диаметрі 700 мм жылу желілеріне жаңғырту жұмыстары басталды. Жоба Гагарин көшесінен Ескелді би көшесіне дейінгі 3,5 шақырым аумақты қамтиды. Жобаны мердігер ұйым – «ДАНИЕР» ЖШС атқаруда.

Жансүгіров көшесі бойындағы жылу желілерін жаңғырту жұмыстары жоспар бойынша қыркүйек айында толық аяқталады деп күтілуде. Сонымен қатар, «Ұлттық жоба» аясында Біржан сал көшесіндегі 1,2 шақырым жылу желілеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Бұдан бөлек, «Талдықорғанжылусервис» мекемесі өз қаражаты есебінен қала бойынша 5,2 шақырым жылу желілеріне ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары да басталды. Аталған жұмыстар қала тұрғындарын алдағы жылы маусымында тұрақты әрі сапалы жылумен қамтамасыз етуге бағытталған.

**ЕКІ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ**

Көксу ауданының Балпық би ауылында қатар салынып жатқан екі тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Нысандардың құрылыс барысымен жұмыс сапары кезінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев танысты.

Құрылыс учаскесінің бастығы Жақсылық Өтегенұлының айтуынша, қажетті материалдар толық жеткізілген. Қазіргі таңда бір үйдің шатыры жабылып жатса, екінші үйде ішкі бөлмелерді бөлу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс алаңында 80-ге жуық адам еңбек етуде. Жобаны тамыз айының соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Өңір басшысы тұрғын үйлердің сапасына ерекше назар аударуды тапсырып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандус пен арнайы көтергіш орнату қажеттігін айтты. Өр үйде 60 пәтер қарастырылған. Пәтерлер құрылыс аяқталған соң Отбасы банк арқылы кезекте тұрған азаматтарға беріледі.

**ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!**

2026 жылғы 15 мамыр Халықаралық отбасы күні мен 15 маусым аралығында жыл сайынғы «Мерейлі отбасы-2026» ұлттық байқауына қатысу үшін өтінім қабылдау басталды.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, көмелетке толған балалардың еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын насихаттауға, сондай-ақ қазақстандық отбасының жағымды имиджін қалыптастыруға бағытталған.

Байқауға еңбекте, спортта, шығармашылықта, зияткерлік және ғылыми салада жетістіктерге жеткен, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) белсенді қатысатын Жетісу облысының отбасылары қатыса алады. Қосымша ақпаратты Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімінен 8 (7282) 24-73-31 телефон нөмірі арқылы алуға болады.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

**ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫН ТЕКСЕРДІ**

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Талдықорған қаласындағы әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің құрылыс барысын тексерді. Жұмыс сапары кезінде өңір басшысы құрылыс сапасы мен мерзімінің қатаң бақылауда екенін атап өтті.

Алдымен әкім «Жастар» саябағындағы автоматты суару жүйесін орнату жұмыстарымен танысты. Қазіргі таңда желілердің басым бөлігі төселіп, құрылыс жоспарланған мерзімнен жылдам жүргізілуде. Сонымен қатар саябақты абаттандыру, орындықтар мен қоқыс жәшіктерін ретке келтіру тапсырылды.

Сапар барысында 500 адам қабылдайтын жаңа емхананың құрылысы да назарға алынды. Нысанда өрлеу және инженерлік жұмыстар қарқынды жүріп жа-

тыр. Жоба биыл тамыз айында аяқталады деп күтілуде.

Сондай-ақ, 300 орындық «Білім-инновация» лицей-интернатының жаңа ғимараты мен «Бірлік», «Ынтымақ» шағын аудандарындағы тұрғын үйлердің құрылысы тексерілді. Аймақ басшысы анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жоюды тапсырып, барлық нысандар уақытында әрі сапалы тапсырылуы тиіс екенін айтты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Суретті түсірген: Дмитрий Ерофеев

**МЕЙІРБИКЕЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ**

12 мамыр – Халықаралық мейіргерлер күніне орай Жетісу облысында салтанатты шара өтті. Мерекелік жиында денсаулық сақтау саласының үздік мамандары марапатталып, көпжылдық адал еңбегімен ерекшеленген медицина қызметкерлеріне құрмет көрсетілді.

Салтанатты шарада Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов медицина қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарын табыстады. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласының ардагерлері Гулям Айсайқызы мен Майра Сарсенғалиқызы да арнайы марапатталды.

Сондай-ақ, басқарма басшысы медицина қызметкерлерінің күнделікті еңбегі үлкен жауапкершілікпен қатар қауіп-қатерге де толы екенін атап өтті. Ол Матай ауылынан Талдықорған қаласына ауыр науқас баланы тасымалдау кезінде қаза тапқан медицина қызметкерлерін еске алып, олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайтынын айтты. Сонымен қатар Талдықорған қаласында жедел коронарлық синдроммен түскен пациенттің өмірін сақтап қалған дәрігерлер мен Ескелді ауданында өрт кезінде бір отбасыны құтқарған жедел жәрдем фельдшерлерінің кәсіби шеберлігіне ерекше тоқталды.

Бүгінде Жетісу облысында 6 мыңнан астам мейірбике медициналық ұйымдарда қызмет атқарып, халық денсаулығын сақтау жолында аянбай еңбек етуде.

Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы

**ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ**

Жетісу облысында нашақорлықтың алдын алу және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өңірлік штабтың кезектен тыс I отырысы өтті. Жиынды штаб төрағасының орынбасары Марлен Көлбаев жүргізді.

Отырыста жыл басынан бергі профилактикалық жұмыстардың нәтижелері талқыланып, 25 мамыр мен 30 маусым аралығында өтетін Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне арналған айлық іс-шаралары қаралды.

Жиын барысында жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын күшейту, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық жұмыстарды жандандыру мәселелеріне басымдық берілді.

Сонымен қатар құқық қорғау органдарына есірткінің заңсыз айналымына қарсы жедел-іздестіру шараларын күшейту, синтетикалық

есірткі тарату арналарына мониторинг жүргізу және интернет арқылы таралатын заңсыз контентті анықтап, бұғаттау жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

**ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 260 ЖОЛ АПАТЫ ТІРКЕЛДІ**

Жетісу облысында жыл басынан бері 260 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Салдарынан 21 адам қаза тауып, 450 адам түрлі дене жарақатын алған. Бұл туралы Жетісу облысының полиция департаменті хабарлады.

Полиция мәліметінше, жол апаттарының басым бөлігі жол қозғалысы ережелерін бұзу, жылдамдықты шамадан тыс асыру, жүргізушілердің салғырттығы, сондай-ақ көлікті шаршаған немесе мас күйде басқару салдарынан орын алған.

Өңірде жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында бірқатар шаралар қолға алынды. Атап айтқанда, жолдарда лазерлік сүйемелдеу жүйесі қолданылып, жылдамдықты тіркейтін жаңа бейнекамералар орнатылған. Қазіргі таңда облыс аумағында құқық бұзушылықтарды бақылайтын 2356 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді.

Соған қарамастан өңірдегі жол апаттарының саны азаймай отыр. Осыған байланысты полиция қызметкерлері жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға және жолда барынша мұқият болуға шақырды.



## ПРЕЗИДЕНТ ТУРЦИИ ПРИБЫЛ В КАЗАХСТАН

Президент Турецкой Республики Реджеп Тайип Эрдоган прибыл с государственным визитом в Казахстан, передает Kazinform со ссылкой на Акорду.

Главы двух государств обсудят текущее состояние и перспективы развития двусторонних отношений. Президенты также проведут шестое заседание Совета стратегического сотрудничества высокого уровня между Казахстаном и Турцией. 15 мая в Туркестане состоится другое масштабное мероприятие — неформальный саммит лидеров стран-участниц Организации тюркских государств. Темой саммита ОТГ выбрали: «Искусственный интеллект и цифровое развитие». Ранее главы государств уже отметили высокую значимость предстоящих переговоров на высшем уровне в Астане для дальнейшего укрепления двустороннего сотрудничества.



### УКАЗ ТОКАЕВА

## ИИ В КАЖДОМ КЛАССЕ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ



Главой государства подписан Указ «О мерах по внедрению искусственного интеллекта в систему среднего образования Республики Казахстан», передает агентство Kazinform со ссылкой на Акорду.

В соответствии с Указом до 1 июля 2026 года Правительством будет утвержден Комплексный план мероприятий, направленный на широкое внедрение искусственного интеллекта в систему среднего образования на 2026-2029 годы, который включает создание механизма персонализированного обучения, цифровой инфраструктуры, подготовки педагогических кадров и защиты персональных данных учащихся. До 1 августа 2026 года в рамках реализации пилотного проекта предусмотрено обеспечить техническое оснащение школ, включая стабильный высокоскоростной интернет. До 1 сентября 2026 года будут утверждены стандарты применения искусственного интеллекта в системе среднего образования. Текст Указа публикуется в печати.

## ПРИТОК ИММИГРАНТОВ ИЗ КИТАЯ В КАЗАХСТАН РЕЗКО ВЫРОС

В I квартале 2026 года в Казахстан на постоянное место жительства переехали 1 260 граждан Китая – это в три раза больше, чем годом ранее. Такой высокий показатель по итогам января-марта фиксируется впервые как минимум за девять лет, свидетельствуют расчеты на основе данных БНС АСПиР РК, передает kazlenta.kz со ссылкой на аналитический Telegram-канал DATA HUB.

Сейчас Китай занимает третье место по числу граждан, переехавших в Казахстан на ПМЖ. Почти все прибывающие из Китая – 99,5% - по национальности являются казахами. В качестве регионов проживания они чаще всего выбирают Астану, Алматы, Жетысускую и Алматинскую области.



## В ЖЕТЫСУ ОСУЖДЕН МУЖЧИНА, УДАРИВШИЙ ПОЛИЦЕЙСКОГО

В области Жетісу вынесен приговор мужчине, который нанес кулак сотруднику полиции, - сообщает областная прокуратура ссылаясь на Polisia.kz.

Инцидент произошел в Уштобе. В полицию по вызову, поступившему на пульт «102», мужчина применил силу. «Вместо того, чтобы выполнять требования закона, мужчина проявил агрессию и ударил полицейского ладонью по лицу. Служивец сорвал видеозапись и повредил погоны», - рассказали в прокуратуре. При наличии чести полицейский не сильно пострадал. Свободы хулигана ограничили на 2 года. Также был привлечен к принудительному труду. Материальный ущерб государству произведен в полном объеме.

## УГРОЗА ХАНТАВИРУСА?

Урок, который мы не выучили. Глава РФПИ Кирилл Дмитриев не исключает, что «истерия вокруг хантавируса раздута, но может быть использована для оправдания энергетических ограничений в Великобритании и ЕС».

Американский врач Стивен Куэй называет 19 мая решающей датой для оценки распространения вируса. Хантавирус не передается легко между людьми, но в условиях круизного лайнера, где сотни людей живут в замкнутом пространстве, даже редкие механизмы передачи становятся опасными. И снова мир стоит перед выбором: признать уязвимость глобальных систем или продолжить играть в спокойствие. Перед пандемией коронавируса тоже звучали успокаивающие заявления, что всё обойдется. Сегодня история повторяется. Только теперь у нас есть горький опыт. Вопрос в том, хватит ли мудрости им воспользоваться или мы снова проснемся, когда будет слишком поздно. (сайт «Восточный экспресс»).



## КОРОТКО ОБО ВСЕМ

### ЗАКОНЫ

Главой государства подписан Закон Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Турецкой Республики о транзите военного имущества и персонала через воздушное пространство Республики Казахстан и Турецкой Республики» - передает Акорда кз. Текст Закона печатается в печати.

### БЫВШИЙ КАНДИДАТ В ПРЕЗИДЕНТЫ ТОЛЕУТАЙ РАХИМБЕКОВ ВЫШЕЛ ИЗ ПАРТИИ «АУЫЛ»

Более пяти лет Толеутай Рахимбеков был первым заместителем председателя партии. Бывший кандидат в президенты Толеутай Рахимбеков объявил о своём решении выйти из партии «Ауыл» – передает информбюро кз.

Он отметил, что почти 11 лет его общественно-политическая жизнь была связана с партией «Ауыл». В последние годы Толеутай Рахимбеков работал советником министра сельского хозяйства РК, вице-президентом Национальной Академии аграрных наук РК. Является независимым директором НАО «Национальный аграрный научно-образовательный центр». Партию «Ауыл» возглавляет Серик Егизбаев.

### СНИЖАЕТ РИСК БОЛЕЗНИ АЛЬЦГЕЙМЕРА У ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ

Международная группа исследователей из Университета Лома Линда в США в ходе масштабного и длительного исследования выяснили, что регулярное употребление куриных яиц может значительно снизить вероятность развития болезни Альцгеймера у людей старше 65 лет. В исследовании приняли участие около 40 тысяч человек. Так, у людей, которые ели яйца от одного до трех раз в месяц, риск болезни Альцгеймера снижался на 17 процентов. А при употреблении двух-четырех яиц в неделю показатель падал уже на 20 процентов. А употребление не менее пяти яиц в неделю может снизить риск болезни Альцгеймера – заявил руководитель проекта. Таким образом, пожилым людям, заботящимся о здоровье своего мозга, можно рекомендовать включать яйца в свой еженедельный рацион, как доступное и эффективное средство профилактики болезни Альцгеймера, наряду с физической активностью и умственными тренировками.

### 13 МИЛЛИОНОВ ЗА СРЫВ ОДУВАНЧИКА

В соцсетях и мессенджерах активно обсуждают информацию о многомиллионных штрафах за сорванные одуванчики. В Министерстве экологии и природных ресурсов разъяснили, в каких случаях казахстанцам действительно может грозить наказание, передаёт корреспондент Tengrinews.kz. «Штраф распространяется на краснокнижный одуванчик. За срыв всех краснокнижных растений предусмотрен штраф, 3000 месячных расчётных показателей (12 975 000 тенге в 2026 году)», – заявил вице-министр Шарбиев. Ранее мы рассказывали о том, за срыв каких цветов казахстанцам грозит штраф до 13 миллионов тенге.

### УХУДИЛ ПОЛОЖЕНИЕ В РЕЙТИНГЕ СВОБОДЫ ПРЕССЫ

Казахстан потерял сразу 8 позиций в рейтинге свободы прессы от «Репортёров без границ», передает Ulysmedia.kz.

В организации считают, что Центральная Азия в целом всё больше становится похожа на «огромную лабораторию с перевёрнутыми ценностями», в которой «законность искусственна» и работает в первую очередь на интересы властей, а не на защиту права на информацию. Так, Кыргызстан занял в рейтинге 146 место, Узбекистан - 147, а Казахстан - лишь 149. Падение Казахстана на 8 строчек авторы рейтинга объяснили следующим образом: - Несмотря на то, что качество онлайн-новостей улучшается, репрессии против прессы приобретают новые формы, сопровождаемые усилением контроля над интернетом — единственной площадкой, где независимые СМИ могут свободно высказываться, - говорится в публикации.

### В ОКТЯБРЕ ЭТОГО ГОДА В СТРАНЕ ВЫДАДУТ БЕСПРОЦЕНТНУЮ ИПОТЕКУ

В Казахстане в октябре 2026 года может быть запущена исламская ипотека. Об этом Malim.kz сообщает со ссылкой на сайт Kazinform.

Об этом рассказала председатель правления «Отбасы банк» Ляззат Ибрагимова. «Сейчас мы изучаем продукт исламской ипотеки. Я думаю, что в Казахстане у него большие перспективы», – сказала Ибрагимова. По ее словам, в апреле агентство по регулированию и развитию финансового рынка презентовало в парламенте в первом чтении законопроект «О Национальном кредитно-рейтинговом агентстве». В рамках документа предусмотрены нормы, позволяющие «Отбасы банку» заниматься исламским финансированием. Ляззат Ибрагимова напомнила, что начисление процентов в соответствии с требованиями шариата запрещено. В связи с этим банк планирует предлагать беспроцентные депозиты и кредиты.

(Все материалы взяты из открытых источников)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ - МӘҢГІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚ

Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ

«Алатау»

**15 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ. ОТБАСЫ – АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ЕҢ БАС-ТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БІРІ. ТӘРБИЕ МЕН МЕЙІРІМ, ҚҰРМЕТ ПЕН ҚАМҚОРЛЫҚ СЕКИЛДІ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ ОТБАСЫНАН БАСТАУ АЛАДЫ. ӘЛЕМ БОЙЫНША ОТБАСЫ КҮНІ 1993 ЖЫЛЫ 15 МАМЫРДА БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ҚАБЫЛДАНДЫ. АЛ ҚАЗАҚСТАНДА БҰЛ МЕРЕКЕ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ ӘР ЕКІНШІ ЖЕКЕНБІСІНДЕ АТАП ӨТІЛЕДІ. СОНДЫҚТАН БЕРЕКЕЛІ ШАҢЫРАҚ - ҚОҒАМНЫҢ ДА БЕРІК ТИРЕГІ.**

тәмамдайды. Кейін дәл сол жылы Шымкент қаласында отау құрады. Содан бері бір шаңырақ астында 41 жыл бойы тату-тәтті өмір сүріп келеді. Осы жылдар ішінде олар үш бала тәрбиелеп өсіріп, бүгінде төрт немеренің қызығын көріп отыр. Балаларының барлығы жоғары білім алып, өз мамандықтары бойынша еңбек етуде. Қазіргі таңда ұл-қыздары Алматы қаласында тұрады. Бір немересі Америка Құрама Штаттарында білім алып, өмір сүріп жатыр. Үлкен ұлдары Иван Гылков инженер мамандығын таңдаған. Қазіргі таңда өз саласында еңбек етіп, отбасын құрған. Үш бала тәрбиелеп отыр. Екінші ұлдары Дмитрий Гылков шығармашылық саласында еңбек етеді. Ол Алматы қаласында 10 жылдан астам уақыт «LOVE Radio» радио-



анасының жанында болып, отбасының берекесін арттыра түседі.

Светлана Гылканың айтуынша, Сарқан өңірі олардың жүрегінен ерекше орын алған мекенге айналған.

– Біз қазір өмір сүріп жатқан Жетісу облысы, Сарқан ауданы – ең керемет жерлердің бірі деп ойлаймын. Мұндағы адамдардың кең пейілі, табиғатының әсемдігі бізді бірден баурап алды. Бір кездері Германияға, Грецияға, Ресейге көшуге мүмкіндік болды. Бірақ туған жерден кеткіміз келмеді. Бізді осы жерде бір құндылық ұстап тұрғанды сезінді. Мұндай табиғатты, мұндай адамдарды табу өте қиын, – дейді ол.

Қазіргі таңда Светлана Гылко екі жылдан бері зейнеткерлік демалыста. Ал Максим Гылко биыл зейнетке шыққалы отыр. Екеуінің де білім саласындағы еңбек өтілі 40 жылдан асады. Ұзақ жылдар бойы колледжде еңбек етіп, талай шәкірт тәрбиелеген ұстаздар бүгінде еңбегінің жемісін көріп отыр.

Гылко отбасының өмір жолы – ұлт пен ұлысқа бөлінбей, бір шаңырақ астында татулық пен сыйластықта өмір сүрудің жарқын үлгісі. Олардың өмірінен отбасы құндылығының, еңбекке адалдықтың, туған жерге деген сүйіспеншіліктің айқын көрінісін байқауға болады.

Гылко отбасына мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарына шаттық пен береке тілейміз. Ұрпақтарының қызығын көріп, әрдайым бірліктері жарасып, немере-шөберенің ортасында бақытты ғұмыр кеше берсін.

Барша Қазақстандықтарды осындай атаулы күн мен шын жүректен құттықтаймыз. Халықаралық отбасы күні, әр адамға отбасының қадірін ұғындыратын маңызды күн. Себебі отбасы берік болса, қоғам да берік болады. Еліміздегі әр отбасы ынтымақ пен бірліктің үлгісі болып, ұрпағымыздың болашағы жарқын болғай!



Қазақ халқы ежелден отбасы тәрбиесіне ерекше мән берген. «Отан-отбасынан басталады» деген сөздің астарында терең мағына жатыр. Біздің еліміз түрлі ұлт пен ұлыстың татулықта өмір сүріп жатқан ортақ мекені. Осындай кең пейілді елде ұлтаралық сыйластықты сақтап, ынтымақпен өмір сүріп отырған интернационалды отбасылар аз емес.

Солардың бірі – Жетісу өңірінде тұрып жатқан Гылко отбасы. Гылко жанұясының отбасылық өмірі 1985 жылдан басталады. Максим Гылко мен Светлана Гылко жастық шағында музыка саласында білім алып жүргенде танысқан. Екеуі де Оңтүстік Қазақстан педагогикалық институтында білім алып, оқып 1985 жылы оқу орнын

сында жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар театр саласында да қызмет атқарып, арасында отандық фильмдерге түсіп тұрады. Ал қызы Ирина бүгінде мансап жолында өз орнын тапқан жан. Оның екі жоғары білімі бар. Қазіргі таңда кәсіби бағытта еңбек етіп, карьерасын дамытуда. Отбасы мүшелерінің айтуынша, үш баласының да жоғары оқу орнын тәмамдаған дипломдары бар және барлығы өз мамандығы бойынша жұмыс істейді.

ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ

Сембек СОЛТАНҰЛЫ

«Алатау»

**«Туған жердің аумақтық тұтастығын сақтау – қастерлі борыш. Батыр бабаларымыз ғасырлар бойы жерінің шетін жауға бастырмай, бізге мирас етті. Осы ұлы мұраны көздің қарашығындай сақтау-басты міндетіміз. Біртұтас әрі қуатты мемлекетті ұрпаққа табыстау – негізгі мақсатымыз. Ел іші тыныш, қоғам тұрақты болса, жасампаз әрі өркениетті мемлекетке айналамыз. Яғни, дамыған ел боламыз десек, ең алдымен, бейбітшілік және тыныштық керек. Қарулы Күштеріміз осы қастерлі құндылықтарды қорғауға тиіс!» – деді Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 5 мамырда, Отан қорғаушылар күні қарсаңында өткен Бүкілармиялық кеңесте.**

«Ел үшін аянба - өрлігіңе сын, Жұрт үшін аянба-жігіттіңе сын» деп, Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан алдындағы борышын өтеу - әр азаматтың парызы.

Әскердегі өмір ерді шындайды, қорқақты қинайды. Сарбаз өмірінің ең жақсы жері өмірдегі ең сирек кездесетін қасиет – адалдықты, өтірік айтпауды үйретеді.

Жауынгердің жан-жақтылығы мен жалпы дене дайындығының (ЖДД) жоғары деңгейде болуы — оның кәсіби шеберлігі мен жауынгерлік қабілетінің негізі. Бұл тек күштілікті емес, сонымен қатар төзімділік, ептілік, жылдамдық және психологиялық орнықтылықты біріктіретін кешенді процесс. Осындай жауынгерлікке қажетті, лайықты қасиеттер мен отандық сүй, қамқоршы болу сияқты елжандылық рухтағы тәрбиені отбасынан, мектеп қабырғасынан, әскер қатарында жүріп бойына сіңірген Талдықорған өңіріндегі 18404 әскери бөлімінің жауынгерлері Талдықорғандық десанттық-шабуылдау әскерлерінің сержанттары Жандарбек Исабеков және Жандос Рақымғазы болды. АҚШ-та өтетін жарысқа жолдама алғандығын ақпарат желісінен естіп қуанған едік. Америкадан жүздеп оралған жауынгер Жандос Маратұлымен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Жауынгер Жандос, қашаннан бері өзіңізді осындай спорттық формаға келтірдіңіз?

– Әскерде жүргеніме 14 жыл болды. Қазіргі уақытта 18404 әскери

ҮЗДІК ЖАУЫНГЕР



бөлімде ДҚР ротасында бөлімше командирі лауазымындамын. Спортпен мектеп қабырғасында жүрген кезден айналысатынымын. Қазір соның арқасында талай жетістіктерге жеттім. 2025 жылдың қыркүйек айында Қазақстан үздік сержанттар арасында жарыстар өтті. Ол жарысқа

Қазақстанның барлық әскери бөлімдерінен қатысты. Жауынгерлер арасында өткен «Үздік» жауынгер жарысына 97 адам қатысып, солардың ішінен мен барлық номинациялар (Турникке тартылу, қоссырық (брусья), гир көтеру, 15 келі жүк арқалап 22 шақырымға жүгіру, кеудені жерден көтеру, мылтық ату т.б.) бойынша жоғары нәтиже көрсетіп үздік жауынгер атанып, АҚШ-та өтетін жарысқа жолдама алдым.

Ақпан айының басынан бастап сол жарысқа дайындалдық.

Жарыс АҚШ мемлекеті Нью - Мексико штаты Санта-фе қаласында өтті. Жарысқа Американың 8 штатынан және 4 мемлекет қатысты.

Санта-Фе — Нью-Мексико штатының астанасы және әкімшілік орталығы, ол АҚШ-тың оңтүстік-батысында орналасқан. 1610 жылы негізі қаланған бұл қала АҚШ-тағы ең көне штат астанасы болып саналады.

4 мемлекетті атап өтсек, олар:

1. **Фиджи Республикасы** — Тынық мұхитының оңтүстік-батыс бөлігінде, Меланезияда орналасқан тәуелсіз аралдық мемлекет. Географиялық орналасуы: Австралиядан шығысқа қарай, 300-ден астам аралдан (оның 100-ге жуығында адам тұрады) тұратын архипелагта орналасқан. Астанасы Сува қаласы.

2. **Гуан (халықтың аты):** Бұл Гананың (Батыс Африка) орталық және оңтүстік аймақтарында тұратын ақан халықтарының бір тобы.

3. **Тонга (ресми атауы — Тонга Патшалығы)** — Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлігінде, Полине-

зияда орналасқан тәуелсіз мемлекет. Орналасқан жері: Океания, 170-тен астам аралдан тұратын архипелаг.

**Мемлекеттік құрылымы:** Конституциялық монархия, Тынық мұхитындағы жалғыз патшалық. Астанасы: Нукуалофа.

4. **Қазақстан Республикасы**

Қазақстан елінен 2 «үздік жауынгер». 8 км қашықтыққа 18 кг салмақты көтеріп, жүгіру кезінде және Жалпы дене дайындығы жағынан Қазақстан мемлекеті «үздік» атанып 1-орынды алдық.

– Жол, жатар орын шығының өздеріңізден болды ма өлде әскери бөлім бюджетінен ба?

– Барлық жол, жатар орын, тамаққа жұмсалатын қаражатты түгелдей әскери бөлімнің өз қаржысынан өтеледі.

– Өзің кіші командир екенсің. Қарамағыңдағы жауынгерлермен тікелей жұмыс жасайсың. Олардың да жалпы дене дайындығын өзің сияқты дайындайтын боларсың?...

– Әрине. Қазірдің өзінде олардың дайындығы жан-жақты жоғары деңгейде.

– Жақсы қуанышты еңгімеңізге көп рахмет, сізге зор денсаулық әскери ісіңіздің ерқашан нәтижелі болуына тілектеспіз. Мықты жауынгерлерді дайындау барысында шаршамайтын күшқуатты болыңыз!

Әрбір Отан қорғау жолындағы ер азамат (жауынгерлер) Жандос сияқты болса біздің мемлекетіміздің жалауы мәңгілікке желбіреп тұратынына күмәнсіз сеніп жүретін боламыз.



Сол жақтан екінші Жандос Рақымғазы



Жандос және Жандарбек



## Дүйсенбі - Понедельник, 18 мамыр

### ХАБАР

05.00 Телехикая «Фатмагүл»  
07.00 Оян  
09.00 Мультсериал «Турбозаврлар»  
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»  
12.00 Cover show  
14.00 «Әлеумет»  
14.30 «Көзқарас»  
15.00 Худ. фильм «Сын Рэмбо»  
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 «KewREC»  
23.00 Худ. фильм «Рокки»

18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Фибрат»  
20.00 «Әсем әуен»  
20.10 Д/ф «АІ әлем»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Жаһан жолы»  
21.20 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Күн болам»  
22.40 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00 «Өзіл студио» ойын-сауық  
06.30 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00 «Тәтті шоу» ойын-сауық  
08.00 «31 әзіл» ойын-сауық  
09.00 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.30 Мультсериал «Губка Боб»  
10.50 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»  
11.40 Мультсериал «Кунг-фу Панда»  
12.30 Худ. фильм «Тойхана»  
14.20 Худ. фильм «Рэмбо-4»  
16.00 Худ. фильм «План побега»  
18.10 Худ. фильм  
20.00 Информбюро (рус., каз.)  
21.00 Худ. фильм «День спасения земли»  
22.50 Худ. фильм «Снайпер: наследие»  
00.50 «31 әзіл» ойын-сауық  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «TikTok show» ойын-сауық  
03.20 «What's up?» ойын-сауық  
04.00 «Өзіл студио» ойын-сауық  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина  
05.00 «What's up?» ойын-сауық  
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

### КТК

07.05 «Әнім сен едің». Ойын-сауық  
08.10 Отандық телехикая  
09.40 «Реальная мистика»  
14.30 Сериал «Реванш»  
16.30 Сериал «Дворняжка Ляля»  
18.30 Сериал «Однажды В Чукурова»  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Новости  
21.40 Сериал «Клан ювелиров»  
23.40 Сериал «ШЕФ-7»  
01.40 Сериал  
03.10 Өмір сынақ  
04.25 Кешкі даңалықтар  
04.50 «КТК қордыны»  
05.30 «Әнім сен едің»

07.05 Жаңалықтар  
07.30 «Әнім сен едің», ойын-сауық  
08.10 Өмір сынақ  
09.40 Новости  
10.20 Сериал «ШЕФ-7»  
12.30 Сериал «Клан ювелиров»  
14.30 Сериал «Реванш»  
16.30 Сериал  
18.30 Сериал «Однажды В Чукурова»  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Новости  
21.40 Сериал «Клан ювглиров»  
23.40 Сериал «ШЕФ-7»  
01.40 Сериал  
03.15 Өмір сынақ  
04.35 Жаңалықтар  
05.00 «КТК қоржыны»  
06.00 «Әнім сен едің»

### 7 КАНАЛ

06.02 Телехикая  
07.00, 22.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.40 Өңгімесі ауылдың... Телехикая  
09.40 Телехикая «Алыс шаһар»  
10.40 «Ну, погоди!» Мультсериал  
11.00, 20.00 Сериал «ветренный»  
12.00, 17.00, 18.30, 01.30 Телесериал  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30 Телехикая «Әмірші әйел»  
14.50 Телехикая  
16.20 Мультсериал «Ну, погоди!»  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
21.00 Сериал «Далекий город»  
23.30 «Өзілің жарасса». Өзіл-сықақ бағдарлама  
00.30, 04.50 Жаңалықтар  
01.00, 05.20 Новости  
03.50 Гүл-гүл шоу  
04.20 Жұлдызды шаңырақта

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.05 «Ұлт ұяты»  
10.00 «Угәғәй melody»  
11.00 «Бір шәугім шай»  
11.40 Д/ф «АІ әлем»  
12.05 «Әсем әуен»  
13.05 «Единый народ»  
13.35 «Әсем әуен»  
14.00 «Әзекжарды»  
14.30 «Арнайы репортаж»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Шашу»  
16.20 «DARA LINE»  
17.00 «Жетісу жақұты»  
17.30 «Әсем әуен»  
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир

## Сейсенбі - Вторник, 19 мамыр

### ХАБАР

05.00 Телехикая «Фатмагүл»  
07.00, 09.00 Мультсериал «Турбозавры»  
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»  
12.00 Телехикая  
13.00 «Ойна»  
14.00 «Народный контроль»  
14.30 Пульс планеты  
14.45 Жер-жаһан  
15.00 Худ. фильм «Рокки»  
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 «КешREC»  
23.00 Худ. фильм «Рокки2»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Көреміз-шоу»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»  
10.00 «Жить здорово!»  
10.50 «Модный приговор»  
11.50 «Давай поженимся»  
12.45 Сериал «Позднее раскаяние»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
14.30 Qoslike  
18.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00 «Көреміз шоу»  
20.00 «Главные новости»  
20.30 Сериал «Первый отдел-4»  
01.00 «Главные новости»  
01.35 Ночной кинотеатр.  
03.20 «Басты жаңалықтар»  
03.45 «Паутина»

### КТК

07.05 Жаңалықтар  
07.30 «Әнім сен едің», ойын-сауық  
08.10 Өмір сынақ  
09.40 Новости  
10.20 Сериал «ШЕФ-7»  
12.30 Сериал «Клан ювелиров»  
14.30 Сериал «Реванш»  
16.30 Сериал  
18.30 Сериал «Однажды В Чукурова»  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Новости  
21.40 Сериал «Клан ювглиров»  
23.40 Сериал «ШЕФ-7»  
01.40 Сериал  
03.15 Өмір сынақ  
04.35 Жаңалықтар  
05.00 «КТК қоржыны»  
06.00 «Әнім сен едің»

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Көрінбейтін көмекші»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Тәртіп»  
12.00 «Аман болайық» /тікелей эфир/  
12.40 «Әсем әуен»  
13.05 «19 аймақ»  
13.40 «Әсем әуен»  
14.30 «Фибрат»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Әсем әуен»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Күн болам»  
17.00 «Дала сыры»

17.20 «Әсем әуен»  
18.00 «19 регион» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
19.45 «Әсем әуен»  
20.15 Д/ф «Тәртіп»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Жолбарыс»  
21.20 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Менің ағам -агент»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.15 «Әу» де»

### 31 КАНАЛ

06.00 «Өзіл студио» ойын-сауық  
06.30 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00 Информбюро (рус, каз.)  
08.00 «31 езіл» ойын-сауық  
09.00 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.30 Мультсериал «Губка Боб»  
10.40 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»  
11.30 Мультсериал «Кунг-фу Панда»  
12.20 Худ. фильм «Ордер на смерть»  
14.10 «День спасения земли»  
16.00 Худ. фильм «Снайпер: наследие»  
18.00 Худ. фильм  
20.00 Информбюро (рус., каз.)  
21.00 Худ. фильм  
23.10 Худ. фильм «Снайпер: войн-призрак»  
01.10 «31 езіл» ойын-сауық  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20 «What's up?» ойын-сауық  
04.00 «Өзіл студио» ойын-сауық  
04.20 1001 Өзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина  
05.00 «What's up?» ойын-сауық  
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

### 7 КАНАЛ

06.02 Телехикая  
07.00, 22.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.40 Телехикая «Өңгімесі ауылдың...»  
09.40 Телехикая «Алыс шаһар»  
10.40 Мультсериал «Ну, погоди!»  
11.00, 20.00 Сериал «Ветренный»  
12.00, 17.00, 18.30, 01.40 Телесериал  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30 Телехикая «әмірші әйел»  
14.50 Телехикая  
16.20 «Ну, погоди». Мультсериал  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 НОВОСТИ  
21.00 Сериал «далекий город»  
23.30 «Өзілің жарасса». Өзіл-сықақ бағдарлама  
00.50, 05.00 Жаңалықтар  
01.15.05.25 Новости  
04.00 Гүл-гүл шоу  
04.30 Жұлдызды шаңырақта

## Сәрсенбі - Среда, 20 мамыр

### ХАБАР

05.00 Телехикая «Фатмагүл»  
07.00 Оян  
09.00 Мультсериал «Турбозавры»  
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»  
12.00 Телехикая «Келінжан»  
13.00 «Ойна»  
14.00 «Біздің назарда»  
14.30 Пульс планеты  
14.45 Жер-жаһан  
15.00 Худ. фильм  
17.00 мечта Эшрефа  
19.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
22.00 «КешREC»  
23.00 Худ. фильм

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Көреміз шоу»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»  
10.00 «Жить здорово!»  
10.50 «Модный приговор»  
11.50 «Давай подемимся!»  
12.45 Сериал «Позднее раскаяние»  
14.00 «Жаңалықтар»  
18.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00 «Көреміз шоу»  
14.15 «Новости»  
14.30 қосылайық  
20.00 «Новости»  
20.30 Сериал  
01.00 «Главные новости»  
01.35 Ночной кинотеатр.  
03.20 басты жаңалықтар  
03.45 «Паутина»

### КТК

07.05 Жаңалықтар (қайталау)  
07.30 «әнім сен едің», ойын-сауық  
08.10 Өмір сынақ», отандық телехикаясы  
09.40 Новости  
10.20 сериал «ШЕФ-7»  
12.30 Сериал «Клан ювелиров»  
14.30 Сериал «Реванш»  
16.30 Сериал «Дворняжка Ляля»  
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»  
10.30 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Новости  
21.40 Сериал «Клан ювелиров»  
23.40 Сериал «ШЕФ-7»  
03.10 өмір сынақ, отандық телехикаясы (қайталау)  
04.25 жаңалықтар (қайталау)  
04.50 «КТК қоржыны»  
05.50 «әнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Өзгеремін»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Киелі Қазақстан. Мыңжылдықтар мұрасы»  
12.05 «Біздің толқын» /тікелей эфир/  
12.50 «Әсем әуен»  
13.05 «19 регион»  
13.40 «Әсем әуен»  
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
14.45 Әсем әуен

15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Шашу»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Менің ағам -агент»  
17.00 «Угәғәй melody»  
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Агро аймақ»  
19.40 «Әсем әуен»  
20.15 «Сакральный Казахстан.Наследие Великой степи»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «После огня»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Көлеңкедегі күш»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.20 «Аман болайық»

### 31 КАНАЛ

05.58 06.00 «Өзіл студио» ойын-сауық  
06.30 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00 «31 езіл» ойын-сауық  
08.00 Информбюро (рус, каз)  
09.00 Мультсериал «Аватар. Легенда об Аанге»  
09.30 Мультсериал «Губка Боб»  
10.20 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»  
11.10 Мультсериал «Кунг-фу Панда»  
12.00 Худ. фильм  
14.10 Худ. фильм «Снайпер»  
16.10 Худ. фильм «неоспоримый-2»  
18.00 Худ. фильм «нелспоримый-3»  
20.00 Информбюро (рус, каз.)  
21.00 Худ. фильм  
23.30 Худ. фильм «Снайпер»  
01.30 «31 езіл» ойын-сауық  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20 «What's up?» ойын-сауық  
04.00 «Өзіл студио» ойын-сауық  
04.20 «1001 Өзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина  
05.00 «What's up?» ойын-сауық  
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

### 7 КАНАЛ

06.02 Телехикая  
07.00, 22.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.40 Телехикая «Өңгімесі ауылдың...»  
09.40 Телехикая «Алыс шаһар»  
10.40 Мультсериал «Ну, погоди!»  
11.00, 20.00 Сериал «Ветренный»  
12.00, 17.00, 18.30, 01.30 Телесериал  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30 Телехикая «әмірші әйел»  
14.50 Телехикая  
16.20 «НУ, ПОГОДИ!» Мультсериал  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
21.00 Сериал «Далекий город»  
23.30 «Өзілің жарасса» Өзіл-сықақ бағдарлама  
00.30, 04.50 Жаңалықтар  
01.00.05.20 Новости  
03.50 Гүл-гүл шоу  
04.20 Жұлдызды шаңырақта

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

# МЕРГЕН – ЕРЕКШЕ ЖАУЫНГЕР

## Атамыз Алтай Ақылбеков (1910 - 1988 ж.ж.) туралы естелік

- Ата, сұрапыл соғыста сыналып, шыңдалған мықты солдат қандай болады?

Бұл - менің 1980 жылы 9 мамыр, Ұлы Жеңіс күні қарсаңында мектепте Отан соғысы ардагерлерімен өткізілетін кездесуден кейін, үйге келіп, өз атама қойған сұрағым еді. Атам осы мереке қарсаңында сырқаттанып, жатып қалған еді. Кеуде тұсындағы соғыс салған жараның орнын сау қолымен сипап отыратын әдетімен, «Балам, ойлы сұрақ қойғаныңа қарағанда, менің командирім Иван Бережнойдың «Снайпер должен быть не только храбрым, смелым но и умелым и смекалистым» (мерген батыр және тапқыр болуы керек) деген сөзінің мағынасын сен де түсініп алатын уақытың келген екен. Оның үстіне мерекелік іс-шараға бара алмадым, Жеңіс күні қарсаңында үйде жатып қалсам да, ең болмаса естелік айтып бір мақтанып қалайын», - деп жымып, мына әңгімесін айтқаны есімде.

- Мен соғысқа Қоғалыдан аттандым. Военкоматтың бір адамы мен сияқты жаңадан шақырылған 15 жігітті «полуторка» деп аталатын жүк машинасымен Алматыға апарып, әскери бөлімге табыс етті.

Сол жерде әскер қатарындағы жаңа өміріміз басталды. Екі айға жуық сапқа тұру, окоп қазу, команда орындау, мылтық ату



Алтай Ақылбеков (1910-1988)

шығатынын айтып, оларды басқарып жүрген екі офицердің көзін жою туралы тапсырма берді.

Мен дереу ыңғайлы орын іздеуге кірістім. Алдыңғы шабуылында жау әскерінің суы лай, батпағы бетіне шығып жатқан шағын көлшікті айналып өтуге

екі жауынгермен түнделетіп барып окоп қазып, төбесіне көлденінен ағаш тастап, топырақпен, шөппен жауып, ішіне кіріп жатып қалдым. Оған дейін екінші снайпермен ертеңгі жоспарымды айтып, келісіп қойған болатынмын. Жау жағы шабуылға шыққанда, өз шебіміз жақтан тек сол ғана ататын болды. Ал мен ыңғайы келсе, тек екі офицерді ғана атуым керек, екі-ақ оқпен.

Бірақ жау жағы шебімізді бұзып өтіп кетсе, жағдайымның қалай болатыны белгісіз еді. Жау шабуылы алдымен неміс самолеттерінің бомбалануымен басталды да, соңы артиллериясының атқылауымен жалғасты. Мен жатқан дөңнен айнала алақандағыдай көрініп тұрды. Біздің жауынгерлер бекінген шептің астаң-кестеңі шығып жатты, айнала гүрсілдеген снарядтың жарылған дауысына, шаң-тозоңға толып кетті. Аздан соң жаудың 4-5 танкісі көрінді, олар менің взводым жатқан жерден оңға таман ышқына жылжып, арғы жақта орналасқан штабқа қарай ойысты.

Соңынан ерген жаяу әскер де сол қарай беттеді. Мен аңдып жатқан көл жақтан әзірше ешкім көрінбеді. Қызу шайқастың бағыты өзгеріп, біздің қанат тынышталғандай болып еді, бірақ бұл уақытша жағдай екен. Неміс солдаттары барынша қозғалысын білдіртпей, мен

дер көріп жүрген кинолардағыдай ақымақ, аңқау, қорқақ емес. Олар мықты әскери дайындықтан өткен, талай қанды майданды бастарынан өткерген, аса кәсіпке тәжірибелі жауынгерлер болатын. Жер астына жасырынып, жақыннан бақылап жатқан маған олардың ширақ қимылы, дене бітімдері, ыңғайлы, ықшам киімдері мен қару-жарақтары қатты әсер етті.

Солдаттардың соңын ала бір офицердің жартылай бүктеліп, шапшаң қозғалғанын байқап қалдым. Олардың алды көлді айналып, менен ұзай бастаса, соңғылары енді ғана мен жатқан маңайға жақындап қалған еді. Құдай оңдап, дәл сол сәтте біздің шептен бір мезетте атылған қару-жарақтың дауысы естілді.

Немістердің алдыңғы қатары оққа ұшып, жата-жата қалды, ал артқы жағындағылар әлі де болса жүгіре басып, алға қарай өтіп жатты. Қарасам, неміс офицері қолын алға сермеп, солдаттарға нұсқау беріп, таяу жерден көлденең өтіп барады екен, кеуде тұсынан көздеп, шүріппені басып қалдым. Ол теңселе басып, бір-екі қадам жасады да, құлап түсті. Жанына дереу екі солдат келіп жата қалды да, айналаны шола бастады.

Снайпердің атқанын білген болуы керек, біреуі дереу хабар жеткізу үшін артқа жүгірді.



сияқты жаттығулар жасап, алғашқы әскери дайындықтан өттік. Одан кейін бір айдан астам пойызбен, көбінесе түнде жүріп отырып, батыстағы жау шебіне таяу жерге барып орналастық. Бұл жерде дайындық күшейе түсті. Мылтық ату, граната лақтыру, жер бауырлап шабуылдау тәсілдерін жетік меңгере бастадық.

Мылтық атудан мергендігімен көзге түсіп, маған снайперлік винтовка табыс етілді. Бірте-бірте түрлі шайқастарды бастан өткізіп, алғашқы кездегі жау самолетінің бомбалауына, артиллерия гүрсіліне, соғыстың қан майдан даласына да бой үйретіп, қаза тапқан жауынгер достарың мен жау солдаттарының өлі денелеріне де тітіркенбей қарайтын болдық.

Снайперлердің міндеті жау офицерлерінің, пулеметшілерінің, байланысшыларының көзін жою болып табылады. Әрине, бұл оңай шаруа емес. Аласапыран атыс-шабыс, танкілер мен самолеттің гүрлі, жан-жақтан жарылған снарядтар, тіпті көпке дейін сейілмейтін шаң-тозаңның арасында нысананы дәл көздеп атудың өзі қиын. Оның үстіне снайпер мылтығының дауысы ерекше шығады, бірнеше рет бір жерден атсаң, немістер сол маңайды минометпен атқылайды.

Міне, осындай жағдайда асқан ептілік, тапқырлық қажет. Негізі, біздің қазақтар соғысқа тез бейімделгіш, айлакер, бойларындағы қорқыныш сезімін білдірмейтін батыр халық.

Бір күні командиріміз мені және көрші взводтың снайпері екеуімізді шақырып алып, ертең немістердің шабуылға

тырысқанын байқағанмын. Ол шабуылы сәтсіз аяқталып, қайтадан өз шебіне шегініп кеткен болатын. Ертең де жаяу әскер солай жүретін болар деген оймен, командирден өз шебімізден қиғаш тұрған төбеден окоп қазуға рұқсат сұрадым.

Ол жер ыңғайлы, көлге жақын болғанымен, жан-жағы ашық, жасырынған позициядан ешқандай кете алмайтынымды айтып, өте қауіпті екенін ескертті.

Сонымен, командир қосып берген

күткендей көлді жағалай, тура біздің взвод бекінген шепке қарай ентелей бастады. Шаң-тозаң әлі толық сейіле қоймаған, оның үстіне біздің әскердің назары танкілер кеткен жаққа ауып, немістерді тым жақындатып ала ма деп қатты қорықтым. Бірақ мен ешқандай белгі бере алмаймын, жатқан жерімнен төмен ойпаңдағы неміс солдаттарының бет-жүзін анық көре бастадым.

Шындығында, неміс солдаттары сен

Мен сол қалпында тырп етпей, әбден қараңғы түскенше жаттым. Бір жақсысы, бізге жақында келген «пополнении» арқасында жаудың тегеурінді шабуылына тойтарыс берілді. Шайқастың әр кезеңі көз алдымда өтіп жатты. Екінші рет оқ атқаным жоқ. Бірақ неміс солдаттарының шабуылдау, қозғалыс кезінде оқ жаудыру, шахмат тәртібімен кезек-кезек қимылдау, жартылай шеңбер құрып шегіну әдістерін көзіммен көріп, санама әбден сіңіріп алдым.

Сөйтіп, түнде аман-есен өз взводқа қосылдым. Командиріме көрген-білгенімді, әсіресе неміс әскерінің шабуылдау мен шегіну тактикасы туралы толық баяндап бердім. Ол кезде телефон кабелі болмағандықтан, байланыспен қамтамасыз ете алмағанына өкінді, бірақ неміс офицерінің көзін жойғаным үшін наградаға ұсынатынын айтты. Қысқасы, мына аңға шыққанда ұстап жүрген немістің «Карл Цейс» маркалы дүрбісі маған орденмен бірге тапсырылған болатын, сонша жерден жоғалмай үйге жетті, - деді.

Ұлы Отан соғысының ардагері, «Қызыл жұлдыз» ордені мен көптеген медальдардың иегері, атамыз Алтай Ақылбеков 1988 жылы дүниеден өтті. Ал соғыстан әкелген дүрбісі қазір немерелерінің қолында, тіпті қалың қайыстан жасалған қабы мен мойынға тағатын белдігі де бар.



Бағдат АҚЫЛБЕКОВ,  
немересі  
Талдықорған қаласы

АҚЫННЫҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ

## САЙЛАУБАЙ ДЕГЕН

**Ақындық өнер қасиетті өнер. Жер жәннаты Жетісудан талай белгілі жырау, ақындар шыққан. Солардың бірі - қазақтың аға тайпасы, Ұлы жүздің ноқта ағасы, 13 ата арақ таңбалы ішінде көп тараған Мырза бабаның ұрпақтарының арасынан шыққан, Жетісудың жыраулар мектебінің негізін қалаған Қабылиса (Қабан) жыраудың (1733-1824ж.ж.) тікелей ұрпағының бірі - Сайлаубай Есжанұлы Тойлыбаев. Сайлаубай ақынға дейін талай дүлдүл суырып салма ақындар шыққан, алда да шыға бермек, құдай қаласа.**

байына батырып айтатын өткірлігі бар еді. Сол үшін анамды төңірегі сыйлайтын, – дейді, Сайлаубай анасын еске алғандағы бір әңгімесінде, «Көкті бу көтерген, жүйрікті ду көтерген. Өлімді ер көтерген, ауырды нар көтерген. Әділдікті ар көтерген, жоқшылықты бар көтерген, әліңді білетін ақылды, салмағыңды білетін сабырлы бол, балам!», – деп түйетін сөзін дейді. Сайлаубай анасының осы нақыл сөзінен таймауға тырысатын.

Бауыры Жайлаубай - төл басы, отбасындағы балалардың үлкені болды. Ол бокспен айналысып, аудан, облыс намысын талай жарыстарда қорғап, жүлделі орындарды иеленген. Бала кезінен Жұматай Жақыпбаевпен өте жақын дос болған. Жұматайдың «Досқа сыр» деп аталатын өлеңі Жайлаубайға арналған. Ат құлағында ойнайтын бәйгелігі мен көкпаршылығы да, домбырада күй шерттіп, ән салатын шеберлігі де бар сегіз қырлы жігіт еді...

Көксу ауданына қарасты «Еңбекші» совхозында бас зоотехник болып жасаған жылдары, ол кезде совхоз директоры Социалистік Еңбек Ері Зылиха Тамшыбаева болатын. Ауылға Нұрғиса Тілендиев «Отырар сазы» оркестрімен қонаққа келіп, жаңадан ашылған Мәдениет үйінде үлкен концерт берген еді. Концерт біткеннен кейін дастархан басында Жайлаубай Нұрғисаның «Ата толғау» күйін нақышына келтіріп орындап беріпті. Сонда Нұрғиса риза болып, қолындағы домбырасын Жайлаубайға сыйлап кетіпті. Сол домбыра бүгінде Жайлаубайдың ұлы Әлиханнның қолында екен. Ол да әкесі Жайлаубайдың жолын қуып, шебер күйші болыпты. Бауыры



Сайлаубай Тойлыбаев

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Алматы облысының және Ескелді ауданының Құрметті азаматы. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

Бұл өлең Сайлаубайдың поэзия ғарышына ұшуының алғашқы баспалдағы десек те болады. Бұлқынған ақындық сезімнен туған жырлар жазыла бастады. Ол аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда танылып, редакциялардан пікірхаттар келе бастаған. Сол хаттар оның өлеңге деген ересін өсіре берді. Қазір ақынның үйінде сол кездегі облыстық газетте істеген ақын Сәкен Иманасовтың қолтаңбасы бар бір бума хаттары сақтаулы.

## БОЛАШАҚ АҚЫННЫҢ ТІРІ АҚЫНДЫ АЛҒАШ КӨРУІ

Кеңес заманында ауылдарға атақты өртістер де, атақты ақын-жазушылар да жиі келіп, халықпен жүздесіп, диалогсып, өнерлерімен қуанып отыратын. Жетісу совхозының басшысы Социалистік Еңбек Ері Әбдіқадыр Дайыров (Қазақстандағы колхоз құрылысының ұйымдастырушылардың бірі, 1905-1978ж.ж.) ауылға өнер адамдарын жиі шақыратын. Мысалы, Күләш пен Қанабек Байсейітовтер, Ермек Серкебаев, ағайынды Абдуллиндер, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, басқалар да ауылды ән мен жырға бөлеп кететін. Сондай кездесулердің бірі Сайлаубай ақынның есінде мәңгі қалған. Балалықтан шықпаған, бәріне таңқала қарайтын, көңіл көзі зерек Сайлаубай ақындарды алғаш рет тірі көргенін тамсана айтып отырады.

– Бірде ауылға қапалдық жазушы Сайын Мұратбеков бастаған ақын-жазушылар келді, – дейді Сайлаубай бір әңгімесінде. – Орталарында ақиық ақын Мұқағали Мақатаев та бар екен. Зор денелі, қалың қою қара шашты, салалы саусақтарымен шашын артқа сілкіп тастап, өзінің зор дауысымен:

Тула жүрек, өкінем мен несіне,  
Туған жүрек, әрине, өлмесін бе?  
Жоқ, дәрігер, қозғама, дамылдасын!  
Әрбір жүрек өзінің кеудесінде! – деп өлеңін шабытпен оқыған. Сонда тірі, дарынды ақынды бірінші рет көруім. Таң-тамаша болдым. Өлеңге деген құштарлығым мен балалық сезімді оятып жібергені әлі есімде! – дейді Сайлаубай жүрекжарды сырын айтып.

## «ЖУРНАЛИСТИКА» ШИНЕЛІНЕН ШЫҚҚАН АҚЫНДЫҚ ЖОЛ

Сайлаубай ақын 1951 жылдың 8 мамырында Талдықорған облысы, (қазіргі Жетісу облысы), Ескелді ауданы Жетісу ауылында дүниеге келген. Осы жердегі он жылдық мектепті 1968 жылы бітіріп, 1969-1971

жылдары әскер қатарына алынады. Отан алдындағы міндетін абыроймен атқарып келген (Үлгілі жауынгер ретінде 5.07.1970 жылы «За воинскую доблесть в ознаменованную 100-летия со дня рождения В.И.Ленина медалімен марапатталған»). 1972 жылы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің «Журналистика» факультетіне оқуға түсіп, оны 1977 жылы бітіріп шыққан. Одан соң «Қайнар» баспасында редактор, «Кітап жаршысы» баспасында аға редактор болып қаламын ұштай түскен. Халықаралық «Дала» журналында 1980-84 жылы аға редактор, 1991-1996 жылға дейін «Қазақ мұнай өнімдері» концерні Президентінің көмекшісі және Қазақ радиосында 10 жылдан астам уақыт «Қазақ руханияты» редакциясын басқарып, «Қаламгер» хабарын жүргізген. 2014 жылдан зейнеткер.

## АҚЫННЫҢ КУРСТАСТАРЫ МЕН МАҚТАН ТҰТАТЫН ҰСТАЗДАРЫ

Журналистика факультетінде бірге оқыған курстастары марқұм Жәнібек Қорменов, айтулы ақын Ұлықбек Есдәулетов, журналист, әрі айтыскер ақын Қонысбай Әбілов, қазақ тележурналистикасының майталманы Нұртілеу Иманғалиұлы, Батық Мәжитов, Марат Әбдіхалықов, Мақұлбек Малдарбеков, Қуандық Түменбай, Серік Жанәбілов, Бақыт Мерекебаева, Райхан Ахметова, Гүлсара Қобыланова және басқаларын мақтан тұтатынын Сайлаубай інім әсте жасырған емес. Менің байқауымша, осы аты аталған қыз-жігіттер еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы, қазақ әдебиетіндегі қайсысын алсаң да орны ерекше айтулы тұлғалар.


Осындай білімпаз журналистерді тәрбиелеп, біліммен сусындатқан ҚазГҮ-дың сол кездегі майталман ұстаздарын да Сайлаубайдың әңгімесінен естіп, ұққаным бар. Олар - профессор Мәлік Ғабдуллин, Қайыржан Бекхожин, Тауман Амандосов, Зейнолла Қабдолов, Сұлтанғали Садырбаев, журналистика факультетінің деканы Темірбек Қожақеев сынды елімізге танымал тұлғалар. «Олардан білім алған біздер үшін бір бақыт еді!», – деп еске алады Сайлаубай.

## ӨЛЕҢМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ӨМІР

Сайлаубайдың алғашқы «Жыл он екі ай» кітабы 1983 жылы «Жалын» баспасынан жарық көріп, әр жылдары Қазақстан баспаларынан өлеңдері мен шығармалары жарық көріп отырған. Мысалы, «Қарлығаш» жас ақындар жинағына бір топ өлеңдері еңсе, «Жалын» баспасынан «Біздің Талғат» атты балаларға арналған кітабы жарық көрді. Сондай-ақ «Үркер ауып барады», «Өмірімнің бәрі өлең» деген атпен өлеңдері мен поэмалары, «Мөлдір махаббат» деп аталатын лирикалық жыр жинағы басылып шыққан. Қазақ поэзиясы антологиясының алтыншы томына өлеңдері жарияланған. Сонымен қатар «Сарноқай саздары» деп аталатын 2 томдық өлеңдер жинағы, «Темірқазық», «Президент көмекшісінің күнделігі», «Қол ұстасқан қос өмір», «Жыр ғұмыр» өлеңдер жинағы да жарық көріп, Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен республикалық кітапханаларға таратылды.

Сайлаубай ақын ініміз соңғы жылдарда өнге арналған өлеңдер де жазып келеді... Сазгерлер Мұратхан Егінбаев, Ақайша Исағұлова, Әнуар Бекжанов, Дариға Тіленді келіні, Мақсат Жәуітқов, Мұбәрәк Салықов, Ғалымжан Тамендеров, Дүйсенхан Сыздықов, Сәкен Дәрібаев, Сәкен Қалымов, Алтын Махамбетова, Мақпал Жүнісованың әндерінің өлеңдері Сайлаубай ақындыкі.

Сазгер Гүлнұр Өмірбаеваның «Қыздар, қыздар» өнінің сөзін жазған ақын Сайлаубай Тойлыбаев. Осы өн «Жаңа ғасырға жаңа өн» байқауында (2001 жылы) жеңімпаз атанды. Сайлаубай басқа да марапаттардан кенде емес. Атап айтсақ, ұлы Абайдың



жайлы «Жалындап өткен бір ғұмыр» деген естелік кітап шығарып, бауырының өмірі туралы қызықты деректер тартымды етіп жазылғанын оқыдық. Бауыры 67 жасында дүниеден қайтқан. Әпкесі Сара Текелі қаласында үйлі-жайлы, бала-шағасымен тұрып жатыр. Күйеуі қайтыс болған.

## САЙЛАУБАЙ АЛҒАШҚЫ ӨЛЕҢІН ҒАРЫШКЕР ВАЛЕНТИНА ТЕРШКОВАҒА АРНАҒАН

Сайлаубайдың балалық қиялын қозғап, қолына қалам ұстатқан оқиға - Валентина Терешкованың көк аспан әлеміне, ғарышқа ұшуы себеп болды. Сайлаубай ол кезде небәрі 4-ші сыныпта оқитын. Ол мектептің «Шамшырақ» деп аталатын қабырға газетіне «Біздің Валя» деген өлең жазады. Өлеңді оқығандар оны құттықтап жатты.

Сайлаубай өзіне дейінгі, өзімен тұстас жыр алыптарынан үлгі ала отырып, өзінің ақындық шеберлігін ширатып, дамытып, көркемдік биігіне жеткізе білген ақын. Ол ақындық дәстүрге тән белгілерді қолданумен қатар, шығармашылығындағы қоғамдық-әлеуметтік мазмұнды игерген жаңашылдығымен, өзіндік стильдік-дәстүрлі жалғастық көрінісі бар Жетісу ақындарының бірі ғана емес, бірегейі. Менің пайымдауымша, Сайлаубай інімнің ақын ретіндегі шеберлігі мен ізденімпаздығы үш кезеңнен құралады:

**Бірінші кезеңі** - үйрену, қалыптасу, өз мәнерін (стилін) табу, теңеулерін теңдесіз шебер ұштауы поэзиядағы шарықтауына ұласты.

**Екінші кезеңі:** өз жерлестерінің, тарихи тұлғалардың (Шыңғыс ханның ұлы қолбасшысы Жалайыр Мұқалидың) нағыз шынайы образын жасап, оны әрі тарихи, әрі әдеби көркем шежіреге айналдырды десем, қате болмас.

**Үшінші кезең** - оның нағыз толысқан ізденісі шарықтау шегінің ең биік ұшар басына жеткен кезеңдегі толғанысы. Ол өз өлеңдері мен дастандарында бұрынғысынша ар мен адалдықтан, әдептіліктен, үлкенге құрмет, кішіге ізеттен, намыстан бір елі ауытқымай, өмірден өлмес, өшпес шабыт тапты.

Ақын болатын адамның бойында ақындық талант, қабілет, бейімділік, саз өнерінің жауһар құндылықтарын бағалай, саралай білетін қасиет болуы керек. Ақындық таланттың адамда болуы оның өскен ортасына, жас күніндегі тәрбиесіне де байланысты.

## АТА-АНА ЖӘНЕ БАУЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Сайлаубай ата-анасы туралы тебірене әңгімелейді. «Әкем Есжан – Ешмұхамбет-жастайынан төрт түліктің төлін баққан, төрелігі таудай әке еді. Қолына домбырасын алып шертіп отырып, шерін тарқататын. Күй десе күйін, ән десе әнін салатын. Жамандығы жоқ, ақкөңіл, ақжүректі адам-тұғын. Біздің бала кезімізде әкеміңіз қос жанарынан айырылған қазақтың айтыскер ақыны Темірғали Рүстембековпен өте жақын араласқаны есімде», – дейді Сайлаубай.

– Темірғали атамыз Мыңбұлақ пен Сарноқай төрінде әкеміңіз шаңырағында қона жатып, жыр-дастандарын өз мақамына салып, қоңыр дауысымен таң атқанша айтушы еді. Сонда таңқалатынымын. Не деген шабыт, не деген дарындылық! – деп.

– Анам Әлпия Тектібайқызы жастайынан жетім қалып, ашаршылықтың ащы дәмін көріп өскен. Хат танымаса да «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты қазақтың жауһар жырларын жатқа айтатын. Мақал-мәтелдерді мысал ретінде орынсыз емес, орнымен көп айтатын. Шындықты шым-

# АҚЫН БАР ЖЕТІСУДА

туған күні мен Қазақстандағы Пушкин жылына арналған дәстүрлі «Абай оқуларында» Алматы қалалық мүшәйрасының арнайы жүлдесімен марапатталған. «Бөбек» қорының балаларға арналған республикалық конкурсының поэзия номинациясы бойынша жүлдегері. Алматы әкімінің жазушыларға тағайындалған грантының 2019, 2021 жылдарғы сертификат иегері. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ақынның 70 жылдығына арналған Құттықтау хаты. Бірқатар қоғамдық бірлестіктердің ордендері мен медальдарының иегері. Халықаралық Алаш сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Алматы облысының және Ескелді ауданының құрметті азаматы.

Жоғарыда айтып кеткенімдей, Сайлаубай баспа, газет-журналдарда көп жыл абыройлы еңбек етті. Қазақтың қара шаңырағы Қазақ радиосында да он жылдан аса еңбек етті. Осы жылдарда ол адамгершіліктен аспады, болдым-толдым деп таспады, жамандардың қылықтарын көріп олардың жүрген жолын баспады. Осы жолда қаламы жүйрік қаламгерлер Нұрғазы Шәкеев, Хайдолла Тілемісов, Қоғабай Сәрсекеев, Есләм Зікібаев сияқты ағаларының тәрбиесін көріп, журналистік шеберліктің қыры мен сырына қанығып, көргенін дамытты.

## ЖАҢА ЖЫР ЖИНАҚ

Сайлаубай ақын оны іздеп оқитын оқырманға биыл шыққан «Бәйге» атты толғаулар мен әндерге арналған өлеңдер жинағын сыйға тартты. (Алматы, «Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясы, 240 бет, 2026 жыл). Жинақ үш бөлімнен тұрады екен.

Бірінші бөлімге - соңғы жылдарда жазған жаңа өлеңдер енгізілген. Екінші бөлімге - «Бәйге» атты толғау жыры мен «Жалайы-ыр Го Ван батыр» туралы тарихи толғауы енген. Үшінші бөлімде - ақын өлеңдеріне жазылған белгілі композиторлардың әндері жинақталған.


Ақын толғаулары мен өлеңдерінде өмірдің қыры мен сырын, тағылым тарихын бүкпесіз, шынайы суреттеу арқылы жеткізеді. Жаңа қырынан танылған ақынның бұл жыр жинағы көпшілік оқырман ойынан шығады деген ойдамын. Бұл жаңа жыр жинағында шындықты суреттеу, оқырманға табиғи қалпында ұсыну өз алдына, оны көркем тілмен орайын тауып беру - басқа мәселе. Дарынды ақын халықтың мінез-құлқын, жандүниесін, салт-дәстүрін кейіпкерлеріне жан бітіріп, сөздерді оңай, тартымды әрі орынды келтірген.

Мен тарихшы ретінде бірінші айтарым, маған Сайлаубайдың «Жалайыр Мұқали Го Ван батыр» дастаны (162-168 бет) өте қатты ұнады. Шыңғысханның ұлы қолбасшысының бірі, қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен Қытайдың 78 қаласын бағындырған Жалайыр Мұқали (1170-1208 ж.ж.) қолбасшы туралы жазу-тарихты оқыған, білген, өз ру-тайпасын сүйетін, бағалайтын адам ғана жаза алады.

Мұқали туралы қандасымыз Ақбар Мәжитұлы мен Әміре Әрін ініміз тарихи-тағылымды кітап жазып, оқырман қауымға ұсынған. Ал жыр шумақпен өрілген дас-танды Сайлаубай ақын алғашқы болып ұсынып отыр. Мен бұл дастанды Жетісу облысының елеуметтік-қоғамдық, саяси «Алатау» газетінде (бас редакторы Баян Таңатарова), автордың рұқсатымен бастырдым. («Алатау», 20 ақпан 2026 жыл, № 7).

Мұқали бабамыз туралы дастан тұтасымен философия. Оны түсініп оқу, көкейге тоқу - әзірлігі жоқ адамға, әрине, оңай емес. Ол үшін ақынның өзі де едәуір ізденгенін айта кетуіміз жөн.

Екінші, осы жинақта өзінің туған жері Жетісудың жер-су аттарын тамаша жыр шумағымен суреттеген: «Жетісуым» (128-129 бет), «Қасиетті Сарноқай» (14бет), «Екпіндінің өрігі-ай» (17 бет), «Атыңнан айналайын Талдықорған» (35,178бет), «Көксу мен Қараталым» (56 бет, 75 бет), «Ескелді ауданының әнұраны» (174 бет), «Жалғызғағаш туған ауылым» (189бет),



«Айнабұлақ ауылым» (139 бет), т.б. Ақынның 2024 жылғы 1 қазан күні жазған «Туған жерім Бостаным» атты өлеңінде:

...Кіндік қаным тамған жер - жер жетпейді өзіңе

Аңсап кетсем, Бостанды, жас толады көзіме

Бұлағыңнан дәм татқан жадыратар дос жанын,

Қасиетіңнен айналдым, туған жерім Бостаным! – деп балалық балғын күндерін сағына жырлайды, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Сайлаубек інімі. Бұл жинақ республиканың барлық кітапханаларында бар, іздеген оқырман таба алады.

## АУЫЛДАН ШЫҚҚАН АЙТУЛЫ АЗАМАТТАР

Қасиетті Жетісу жеріндегі 13 ата Тарақ таңбалы Жалайыр елінен талай тарихи тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлер, т.б. шыққан. Ақын ініміз Сайлаубайды өлең өлкесіне жетелеген себептердің бірі - туған жерінен шыққан өнер мен әдебиет саласының майталман ағалары мен жайсаң жандарының ықпалы болар. Сайлаубайдың айтуынша, солардың өлең-жырларынан нәр алып, сусындағаным - менің бүгінгі бақытымның бір себебі болар - дейді. Ол сөзінің жаны бар. Өйткені оның тұрған Жетісу ауылының орта мектебінен 1 академик, 4 ғылым докторы, 48 ғылым кандидаттары мен әншілер, ақын-жазушылар шыққан.

Атап айтсақ олардың қатарында химия ғылымдарының докторы, профессор және академик марқұм Еділ Ерғожин, химия ғылымдарының докторы, профессор Немеребай Нұрахметов, техника ғылымдарының докторы Ыбырайым Туғанбаев, заң ғылымдарының докторлары Өмірәлі Жалаири(Қопабаев) пен Мақсұт Нәрікбаев, қыздардың арасынан биология ғылымдарының кандидаты Құралай Кәрібаева, ақын-жазушылар: поэзия қағаны Жұматай Жақыпбаев, Ораз Исмаилов, Ұзақбай Доспанбетов, Сәбит Биболов, ақын Қыдыр Байдүйсенов, әнші-композитор Ақайша Исмағұлова, әнші Нұртай Төребаеваларды атауға болады.

## ҰМЫТ БОЛҒАН ЕСІМ ЖЫРМЕН ӨРНЕКТЕЛДІ

Ескелді ауданынан екі Кеңес Одағының батырлары, 16 Социалистік Еңбек Ері, 40-тан аса әр саланың ғалымдары шыққан. Солардың бірі - осы ауданда өмір жолын аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып бастаған Көбес Ақылбайұлы (1948-2008ж.ж.), Талдықорған қаласы партия комитетінің бірінші хатшысы, екі мәрте Жоғарғы Кеңестің депутаты болған, бірнеше тарихи-тағылымды естеліктер мен жыр кітаптарының авторы еді. Еліне сыйлы, белгілі, беделді болған азамат ұмыт болып бара жатыр еді ақын ініміз Сайлаубай «Көбес аға» атты өлеңін арнапты:

Көбес аға!

Сенің сөзің, сенің үнің құлақта,  
Жауап іздеп келем осы сұраққа.  
Жаны жайсаң, жүрегі кең жан едің,  
Бір барса егер, Сіз барарсыз жұмаққа.  
Кеткенің сенбей жүрмін әлі де,  
Бұл өмірдің айтшы аға, сені не?  
Ән айтсаң да, жыр оқысаң біздерге,  
Қарайтын ең терең толғап мәніне.  
Кешендер мен құрылысқа мән беріп,  
Келтіріп ең туған жерге сән-көрік.  
Қадірлі аға, рухыңмен мәңгіге,  
Қалдың бүгін жүректерде ән болып.  
Жазған кітап елге мынау таралып,  
Талай-талай пікір айттың ағалық.  
Көтерілдің еңбегіңмен биікке,  
Қонаевтай тұлғалардан нәр алып.  
Бұл жүректің тағдырға айтар назы бар,  
Терең ойлар, тереңдіктен қазылар.  
Болашақта өзің жайлы ерекше,  
Әлі талай естеліктер жазылар.  
Өмір деген қалмас сіре, жалғанбай,  
Өтер сенен жарың, ұлық армандай...  
Кітабыңды парақтасам жан аға,  
Көз алдымда сен тұрасың ай маңдай!

## ҚОЛ ҰСТАСҚАН ҚОС ӨМІР



Сайлаубай інімінің ерекше бір сыры мен қырын айта кеткенді жөн көрдім. Ол жан-жары, балаларының анасы, ғалым Құралайға арнап «Қол ұстасқан қос өмір» атты естелік жыр жинағын шығарған Жетісудың бірден бір жалғыз ақыны («Алматы» баспасы, 2021. 208 бет). Бұл жинақ құдай қосқан жары Құралаймен өмір табалдырығын бірге аттап, қол ұстасқан қызық та тәтті өмірдің тыныс-тіршілігіне арналған.

Нақтырақ айтсақ, Құралай да Жетісу

ауылының тумасы. Алматыдағы Қазақ қыздар институтының география-биология факультетін қызыл дипломмен бітіріп ғылыммен айналыса бастаған. Диссертация қорғап, «Экология және тұрақты даму институтын» құрып, бүгінге дейін оның құрылтайшы директоры қызметін атқарып келеді. «Экология» Халықаралық Академиясының академигі, әр жылдардағы «Жыл адамы», Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», Ескелді ауданының «Құрметті азаматы». «Звезда славы экономики Казахстана», «Құрмет» ордендерінің иегері.

Сайлаубайдың екі қызы – Назгүл мен Шынар әрқайсысы таңдаған мамандықтарын алып, өмір сүріп жатыр. Күйеу балалары да өздеріне сай сауатты Қазақстанның білімді азаматтары. Кіші қызы Шынар мен күйеуі екеуі АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында тұрады. Үлкен қызы Назгүл мен Нариман күйеуі бала Қазақстанның белсенді, білімді жастары. Назгүлдің екі қызының бірі студент, екіншісі оқушы.

Сайлаубай Құралайға деген өшпес сезімін бір жылдары мына бір өлең жолдарымен бейнелеген екен, үзіндісін ғана оқиық:

Құралайым! Халінді неге сұрамайын?  
Өзіңді қыздарымның анасы – деп,  
кегімде күлім қағып, тұрады айым!  
Дәл солай, Құралайым!  
Сен менен сезім күйін сұра дәйім?  
Өзіңе деген ыстық махаббатты,  
Басқаның пәктігіне бұра алмаймын! –  
деп ағынан жарылады ақын інімі.

## САЙЛАУБАЙ АҚЫННЫҢ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ

Мен танып білетін Сайлаубай кеуде керіп, масаттанып сөйлейтін жандардан аулақ жүреді. Неге? Меніңше, ол қарапайымдылықты жанына серік еткен жан. Достыққа адал, сөзіне берік. Көп сөйлегеннен гөрі көп тыңдағанды ұнатады. Мақтанпаздыққа жаны қас. Қазақтың мына бір дана сөздері оның өмірлік ұстанымына айналған: «Күштімін - деп мақтанба - сенен күшті Тәңір бар. Ауырмын - деп мақтанба - сенен ауыр батпан бар. Биікпін - деп мақтанба - сенен биік аспан бар. Біреулерге ор қазып, арамдыққа баспаңдар! Толдым-болдым, жеттім - деп, ешқашан да таспаңдар. Жамандыққа жолығар бар дәулетін шашқандар! Жақсылықпен күн кешсең - бар өмірің аспандар!» - деген.

Тірі адамның тірлігі бітпейді екен текті істе! Өстіп жүріп, өмір-ай, біз де келдік жетпеске! – деп жетпіс жасын жырлаған ақын Сайлаубай сол кезде «Не қалдырдым ұрпаққа? Осы жаста не бітірдім?» - деген сұрақ қояды екен өзіне. Сол сұраққа жауап іздейді. Ал бүгінде жасы 75-ке келген Сайлаубай үшін бұл сұрақтар әлі де өзекті. Бұл жасқа жете алмай кеткен Төлеген, Мұқағали, Жұматай, Кеңшілік сияқты ақындарды ой елегінен өткізе отырып, Сайлаубай олардың ақыл парасаттарына үңіліп, жырларынан нәр алғандығын айтып отырады.

Сайлаубай інімі тумысынан кішіпейіл, үлкенге ізет, кішіге ілтипат көрсететін, туысқа туралығын, досты түсіне білетін, сөзіне адал, айтқанын орындайтын, бауырмашыл, көпшіл інілерімнің бірі, әрі бірегейі. 8 мамырда ол 75-ке келді.

Сайлаубай інімі, туған күнің құтты болсын!. Отбасыңа Алла тағала қуаныш пен береке берсін. Өмірің ұзақ, бай-қуатты, қаламың үшкір, жүрдек болсын! Келін Құралай екеуіңнің үрім-бұтақтарың көбейсін, өрістерің кеңейсін, ала қазден, жаман сөзден Жаратқан ием сендерді сақтасын!

Ізгі ниетпен  
Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ,  
Талдықорған қаласы

# ЖАУ ҚОЛЫНДА ЖАЗЫЛҒАН ЖЫР

**Құрметті редакция!**

**Сіздерге ұсынып отырған мына материал менің жолдасымның ең үлкен ағасы Көшімбайұлы Нұрсейіт атаның соғыста жүріп, одан пленге түскен кезіндегі көрген қорлықтары туралы. Ол кісінің жазған қолжазбаларын алып сіздерге жіберіп отырмын.**

**Нұрсейіт атаның руы – Қарамолда. 1918 жылы туған.**

**Ол кісі әскерде жүріп, соғыс кезінде генерал Власовтың армиясында болған. Армия бастығы опасыздық жасап, армиясын түгел Германияға сатып кетеді. Армиядағылардың сауы да, жаралысы да түгел пленге алынады. Жау қолына түсіп, онда көрген қорлықтарын өлең етіп жазып, кейіннен бізге тастап кеткен еді.**

**Ағамыздың әруағы риза болсын, халық көріп оқысын деген мақсатпен сіздерге жіберіп отырмын. Ол кісі соғыстан аман-есен келіп, 85 жасында дүниеден озды.**

Жылында мың тоғыз жүз қырық бірінші,  
Күйзеліп күңірөнді елдің іші.  
Сұрапыл халқымызға соғыс ашып,  
Батыстан жалаңдады жау қылышы.

Басталды ұлы майдан ақырында,  
Созылған бес жарым мың шақырымға.  
Балтық пен Қара теңіз аралығы,  
Айналды қанды дәрия тасқынына.

Өлгендер есебі жоқ - бір тау көпір,  
Топалаң тиген қойдай апыр-опыр.  
Қарлы жер, қаһарлы сыз, қараңғы түн,  
Оқтары жарқылдайды, қызыл-жасыл.

Көп халық, қар сүбеден, қан тізеден,  
Қақ жарып шығып жатыр жан кеудеден.  
Жарадан жылжи алмай жатқандардың,  
Шығады ащы даусы зар еңіреген.

Самолет көкті керіп, гүрілдеген,  
Танкілер жерді бұзып дүрілдеген.  
Аспанда аэроплан оқ жаудырса,  
Зеңбірек жер қопарып, күрілдеген.

Арандай минометтер аузын ашып,  
Көкала жалын құсып, отын шашып.  
Ысқырып от боранын боратқанда,  
Кетеді тау бұзылып, тас жаншылып.

Оқ түтеп, от бораны алай-дүлей,  
Дауылды жел ышқынады үрлей-үрлей.  
Жалынды от жан-жағында жалмаңдайды,  
Қаласың қайтіп өлмей, қалай күймей?

Келеді «бомбировщик» лек-легімен,  
Тонналық бомбаларды, ең кемінен.  
Тарс етіп, түскен бомба жарылғанда,  
Шарқ ұрып жаңылады, ел есінен.

Адамның бұдан қалған бар ма арманы?  
Шығады түскен жердің тас-талқаны.  
Ұшады тау жұлындай, тас құмындай,  
Көрмейсің көк тұманнан бір басқаны.

Снаряд ызылдайды иттей ұлып,  
Екпіні ант ұрғанның, сондай бұзық.  
Жұп-жуан әлеуетті теректерді,  
Тастайды тамырымен жұлып-жұлып.

Тұманнан көрінбейді күннің көзі,  
Көк түтін, қара түнек - жердің жүзі.  
Талмаурап, табиғаттың түсі қашып,  
Бұзылған жердің сұрқы, күннің нұры.

Арындап дөп осындай жау екпіні,  
Өбжылан, қара таял бар жекіні.  
Қан жұтып, жалын құсқан жалынды оқтың,  
Көрмедің қорлығын да, қай тепкінің.

Мұқалмас қайран көңілім жарқылдаған,  
Риза бол, қазам жетсе қалқам маған.  
Елім деп оққа кеуде төсеп бердім,  
Сау жер жоқ қол-аяқта шарпылмаған.

Оқ тиген оң қолымнан жау белгісі,  
Дұшпанның осы кезде батқан тісі.  
Бесінде сентябрьдің жараландым,  
Жылында мың тоғыз жүз қырық бірінші.

Кезі еді жиырма беске толған жасым,  
Шама жоқ қимылдауға, дертім басым.  
Бесінде сентябрьдің жараланып,  
Шарпуы тиген оқтың, жанға баттым.

Қамауда біздің полк қалды тегіс,  
Бекітіп жолдың бәрін алды неміс.  
Жаралы, раненің бәрі қалды,  
Қаскүнем сырттан сатып қылған келіс.

Құнына кім кінәлі кеткен жердің?  
Көл қылып құзыр қанын төккен ердің?  
Сұмырай, сұм-сұрқия сол кінәлі,  
Сатылған сар суына сасық қолды елдің.

Көп-көрім көлгірсіген сыртқы түрі,  
Опасыз, Отан сатқыш, ішкі сыры.  
Ант бұзып, арын сатқан, елін сатқан,  
Көк төбет, қу Власов соның бірі.

Солар ғой себеп болған жеңілуге,  
Шарқ ұрып жау қолына берілуге.  
Қалтырап жер мен қанша қалаларды,  
Қастық пен душар еткен шегінуге.

Қалды ғой жау қолында Харьков, Киев,  
Жазықсыз көп қалалар отқа күйіп.  
Жігердің отыменен мұқалмайды,  
Тартар деп, сұмырай жау үлкен күйік.

Күйреген, қиратылған анау қала,  
Құлазып, қансыраған мынау дала.  
Зар илеп, жау қолынан жапа шегіп,  
Жылаған бір жағынан бала-шаға.

Көмірлі, көп темірлі кетті Донбасс,  
Алтынды, ақ бидайлы Қырым, Кавказ.  
Бидайлы, бау-бақшалы Ресей жерін,  
Сендік біз, басып-жаншып еш жеңе алмас.

Қандай еді Қара теңіз жағалары,  
Семитор мен Севастополь қалалары!  
Көк майса балаусасы бал құрақтай,  
Еске түсті жас құрақтай балалары.

Ордасы денсаулықтың - құнды Қырым,  
Жайқалтып бәйшешектей шашқан гүлін.  
Емделіп саясында сан мың адам,  
Жазылып қайтушылар елге бұрын.

Қара орман қандай еді, Балтық жері,  
Қойнынан ақтарылған байлық кені.  
Жағасын сол теңіздің мекендеген,  
Литва, Эстония, Латыш елі.

Жері кең Белорустың жалпақ дала,  
Құба жөн қара қоңыр сайлы сала.  
Хан-қара дәурен етіп, зәурен сүрген,  
Минск - орталығы үлкен қала.

Бұл қала қасиетті, құламады,  
Өдемі үй, алтын қақпа, мұнаралы.  
Айтатын әр ғасырды өз алдына,  
Тарихи толып жатыр мұралары.

Өткізіп өз басынан талай ғасыр,  
Тігілген көшесіне алтын шатыр.  
Меңгеріп маңайларын мекендеген,  
Ту алып, тұлпар мінген талай батыр.

Кескіні осы болды өткен жылдың,  
Екпіні тау құлатар соққан желдің.  
Сумандап сұр жыландар кетті безіп,  
Түскенде қара түнек үстіне елдің.

Ойлады арамзалар жан пайдасын,  
Жүргізді Отан үшін өз саудасын.  
Халықты, қара орманды сырттан сатып,  
Немістің жемек болды жал-жаясын.

Қарашы қанқұмардың қулығына,  
Қара жүз қаскүнемдік сұмдығына.  
Халықтың көзін бояп, қолын байлап,  
Немістің бермек болған пұлдығына.

Жүргізді жауыздығын жанталаса,  
Жан-жақты қалтырған боп таң-тамаша.  
Орыстың би баласы боламын деп,  
Құтырды есі кеткен, таз балаша.



Сонда да жете алмады дегеніне,  
Жал жұлқып желіксе де жегеніне.  
Тортаға тойған қарны тарс айрылып,  
Сия алмай қақ жарылды кенеріне.

Құлады қол тапсырған партиясы,  
Бар еді арқа сүйер, бай мұндасы.  
Бас қайғы, байтал түгіл дегендейін,  
Азғындап кейін қашты армиясы.

Ел білді енді жаудың оңалмасын,  
Соққыдан бас көтеріп тұра алмасын.  
Қасиетті, құнды, бұлды жерімізде,  
Бұлаңдап бұрынғыдай жүре алмасын.

Көз жетті көк төбеттің сасқанына,  
Сандалы сазды сорды басқанына.  
Қойныңды аш, қайран Берлин, қайдасың?-  
деп,  
Қозғалып, қайтар отша қашқанына.

Власов соныменен тұрсын жата,  
Ел сатып, арын сатып алған бата.  
Айтайын, құлақ салып тыңдасаңыз,  
Пленнің оқиғасын біраз ғана.

Нақақтан сан мың адам қолға түсті,  
Қан жұтып қайғыменен, жалын құшты.  
Қамады темір торлы лагеріне,  
Көрсетіп көпшілікке қиын істі.

Жаралы мен де келдім бір лагерьге,  
Қаласы Двинск деген жерге.  
Мен жаттым 2-3 жылдай сол арада,  
Емдетіп қол-аяқты госпитальда.

Айтамын баян етіп жердің жайын,  
Опасыз Латыш айтты ғой елдің жайын.  
Немісті арқа сүйеп одыраңдап,  
Көрсетті бұл да қорлық, не қылайын!?

Жалықтым, Латвияның жері құрсын,  
Қыстаған әр шоқыны елі құрсын.  
Әлсізге әңгіртаяқ ойнататын,  
Әулекі әуре-сарсаң ері құрсын.

Ел деген Латыш атаған аты құрсын,  
Көп жасап, көпті көрген шарты құрсын.  
Тамшы су таңдайыңа татырмайтын,  
Қайырсыз, қайырымсыз салты құрсын.

Көрмесің антұрғанды сірә мұндай,  
Арылған ар-ұяттан мүлде жұрдай.  
Ұстатып ұлты жатты ұлығына,  
Ұрғызып ағызатын қанын судай.

Құдайы қанды неміс, бас иетін,  
Жығылып аяғына бас иетін.  
Соларға жағынам деп сұмырайлар,  
Секілді шаш ал десе, бас кесетін.

Біле алмай қаскүнемнің құрған торын,  
Жүсінбей тосқауылдап жүрген жерін.  
Кездесіп қанды қақпан қанжарына,  
Қор болып, қаза тапқан талай момын.

Зарлаған сол момынның бірі плен,  
Қашам деп, жол жөнекей қолға ілінген.  
Сағынған елі, жұртын, семьясын,  
Көре алмай жан тапсырып жер көмілген.

Солар ғой жан берерде зар жылаған,  
Жер жұлқып, бір татым су нәр сұраған.  
Не қылдым сұмырай итке, не қылдым деп,  
Көзінен жас орнына қан бұлаған.

Зарына тау егіліп, тас жібіген,  
Бейшара, не жаздың деп мүсіркеген.  
Қара жер, қақ жарыла қойнын ашып,  
Келші кел ой-байырым деп, есіркеген.

Ызадан күн тұтылып, ай түнерген,  
Толқындап дала дәрия желін үрген.  
Табиғат тілге келіп тыным айтса,  
Былқылдап сиқыршы өлім, сылқ-сылқ күлген.

Мастанған төгілген қан тегін емес,  
Өзінің пайдаланып жерігіне.  
Апыр-ау өзгенікі өзге болсын,  
Қолда өскен латыш ит сенікі не?

Тойынған құзғын-қарға керегін жеп,  
Құдайым тағы нені бересің деп.  
Қан-жынға, қарны тойып, қарқ-қарқ күліп,  
Қу қаншық, бөле дейді көтермелеп.

Ар бар ма антұрғаным сенде биттей,  
Баулыған қабағыңа ешкім шертпей.  
Айналып қасымызда жүріп-жүріп,  
Жөнелдің жау жағына бұралқы иттей.

Сатылдың, саттың дағы жер мен суды,  
Қандатып қан сасыттың бейпіл елді.  
Қожаңа қол тапсырған жағынам деп,  
Жоқ қылдың жазықсыздан талай ерді.

Тұра тұр тегін кетпес ердің қаны,  
Түнеріп түскен түннің атар таңы.  
Қанға-қан, жанға-жан алатұғын,  
Күн туар, құр кетпесе тарих заңы.

Боларсың сүтке тиген сұр күшіктей,  
Сүмөңдеп сүмірейерсің, көп кешікпей.  
Қақысын аққан қанның шашқан жанның,  
Алармыз екі еселеп тырп еткізбей.

Айығар ала дауыл, әлі-ақ бір күн,  
Ашылып аспан жүзі, ашар көркін.  
Күміс күн көкжиектен күле қарап,  
Бас иезп, бай табиғат алар бөркін.

Арнадым осы өленді құрбыласқа,  
Мезгілсіз қаза тапқан, қыршын жасқа.  
Тағы да қайғы жұтып, қан түкірген,  
Мыңдаған лагердегі бауырласқа.

Қайтесің, қайғырасың ер бауырым,  
Тұрмыстың көріп жүрміз ең ауырын.  
Сонда да жан шыққанша жауласып қал,  
Жөні жоқ бой сауғалап қорғандың.

Жігіттер қиын емес жауды жеңу,  
Ел үшін жанды қиып, қанды төгу.  
Сол қиын байқап тұрсаң бәрінен де,  
Жәутеңдеп жау қолында пенде болу.

Көзімнен бұл-бұл ұштың қайран халқым  
Ең жерде туып-өскен самал салқын  
Өскен ел, туған жерді ойлағанда  
Жалындап басылмайды, менің мауқым.

Мен өзім туып-өстім Алақөлде  
Сарықұм, Тентек бойы деген жерде  
Жайлауы атамиздың мекен еткен  
Үйгентас, Қарашоқы, Сарыкерде.

## Бейсенбі - Четверг, 21 мамыр

### ХАБАР

05.00 Телехикая «Фатмагүл»  
07.00 Оян  
09.00 Мультсериал «Турбозавр»  
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»  
12.00 Телехикая «Келінжан»  
13.00 «Ойна» 14.00 «Неосеть»  
14.30 Пульс планеты  
14.45 Жер-жаһан  
15.00 Худ. фильм «Рокки-3»  
17.00 Сериал «Мечта эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 «КешREC»  
23.00 Худ. фильм «Рокки-4»

эфир/  
14.20 «19 аймақ»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Агро аймақ»  
15.35 «Әсем әуен»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Көлеңкедегі күш»  
17.00 «Әу» де /тікелей эфир  
18.00 «19 регион» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Қарындас»  
20.00 «Әсем әуен»  
20.15 Д/ф «Национальные парки Казахстана»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Вкус жизни»  
21.15 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Лидер»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.10 «Біздің толқын»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Көреміз шоу»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»  
10.00 Док. фильм «Дар коллекционер»  
10.50 «Модный приговор»  
11.50 «Давай поженимся!»  
12.45 Сериал «позднее раскаяние»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Ноусти»  
14.30 Қослайк  
18.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00 «Көреміз шоу»  
20.00 новости  
20.30 Сериал  
01.00 «Главные новости»  
01.35 Ночной кинотеатр.  
03.20 Басты жаңалықтар  
03.45 «Паутина»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар  
07.30 «Әнім сер едің»  
08.10 «Өмір сынақ», отандық телехикаясы  
09.40 Новости  
10.20 Сериал «Шеф»  
12.30 Сериал «Клан ювелиров»  
14.30 Сериал «Реванш»  
16.30 Сериал «дворянка Ляля»  
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Новости  
21.40 Сериал «Клан ювелиров»  
23.40 Сериал «ШЕФ-7»  
01.40 Сериал «Дворянка Ляля»  
03.15 Өмір сынақ  
04.35 Кешкі жаңалықтар  
05.00 «КТК қоржыны»  
06.00 «Әнім сен едің»

### ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Ұлттық парктөр-ұлттық байлығымыз»  
12.00 «Келін BATTLE» /тікелей

## Жексенбі - Воскресенье, 24 мамыр

### ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Өнұраны  
05.00 Тх «Фатмагүл»  
07.00 «Алғашқы»  
08.00 «Рухты әлем».  
10.00 Мс«Прищельцы в доме»  
11.15 М/ф «Турбозавры»  
11.45 Х/ф «Рокки Бальбоа»  
13.45 «Өмір өнегі»  
15.00 «Азамат»  
16.15 Тх «Келінжан»  
19.00 «7 күн»  
19.40 Глобальные события  
20.00 «Қызық times»  
21.15 Х/ф «Крид наследие Рокки»  
23.45 «Жолдар, жолдар»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.45 «П@утина»  
06.35 Асау жаңалықтар

07.15 Заң мен ел  
07.40 Сериал «Питер-Москва»  
12.15 Сериал «Тайна Марий»  
14.00 Говорим о главном  
15.00 «Тайна Марий». Продолжение  
17.40 Х/ф «Один день лета»  
20.00 «Аналитика»  
20.50 «Анықтаймыз. Руслан Өтепбаймен»  
21.40 Х/ф «Переезд»  
01.40 «Что?Где?Когда?»  
03.30 «Кеш қалмайық»

### КТК

07.00 ҚР Өнұраны  
07.05 «Мұхтар ханзада»  
09.00 Ө/ф «Вирус»  
10.20 Сериал «Не Разбей

## Жұма - Пятница, 22 мамыр

### ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Өнұраны  
05.00 Тх «Фатмагүл»  
07.00 «Оян!»  
09.00 Мс «Турбозавры»  
10.00, 20.00 Тх «Эшрефтің арманы»  
12.00 Тх «Келінжан»  
13.00 «ОйнаQ»  
14.00 «Арнайы репортаж»  
14.30 «Пульс планеты»  
14.45 Жер-жаһан  
15.00 Х/ф «Рокки-4»  
17.00 Сериал «Мечта Эшфе-ра»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 «Қоғам пікірі»  
23.00 Х/ф «Рокки-5»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Koremiz show»  
07.00 «Қайырлытаң Қазақстан!»  
08.30 «Доброе утро Казахстана! 10.00 «Жить здорово!»  
10.50 «Модный приговор»  
11.50 «Давай поженимся!»  
12.45 Сериал «Позднее раскаяние»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
14.30 «QOSLIKE»  
18.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00 «Koremiz show»  
20.00 «Главные новости»  
20.30 Парламент online  
20.55 Поле чудес  
22.10 Сериал «Первый от-дел-4»  
00.35 Х/ф «Стендап под при-крытием»  
02.30 «Басты жаңалықтар»  
03.45 П@утина

### КТК

07.00 ҚР Өнұраны  
07.05 Кешкі жаңалықтар  
07.30 «Әнім сен едің»  
08.10 Тх «Өмір-сынақ»  
09.40 Вечерние новости  
10.20 Сериал «Шеф-7»  
12.30 Сериал «Клан ювелиров»  
14.30 Сериал «Реванш»  
16.30 Сериал «Дворянка ЛЯЛЯ»  
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»  
20.30 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Карта желаний»  
01.10 Сериал «Дворянка ЛЯЛЯ»  
02.40 Тс «Өмір-сынақ»  
04.00 Кешкі жаңалықтар  
04.25 КТК қоржыны  
05.25 Әнім сен едің

### ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Үздіктер кітабы»

мое сердце»  
14.00 Сериал «Однажды в Чукурова»  
18.40 «Жүректесің» ән кеші  
21.00 «Портрет недели»  
22.00 «Реальная мистика»  
01.30 Ө/ф «Вирус»  
03.00 «Жүректесің» ән-кеші  
04.50 Әнім сен едің

### ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»  
09.00 «Апта» (қаз)  
10.00 «Апта» (рус)  
11.00 «Шашу»  
11.45 Д/ф «Арнайы экономикалық аймақтар»  
12.00 «DARA LINE»  
12.45 «Әсем әуен»  
13.00 «Қылышсыз майдан»  
13.40 «Дала сыры»  
14.00 «Келін BATTLE»

11.05 «Әсем әуен»  
11.40 Д/ф «АПК: от импорта к экспорту»  
12.00 «Әу» де»  
12.40 «Әсем әуен»  
13.05 «19 регион»  
13.40 «DARA LINE»  
14.30 «Қарындас» (Талас фильм)  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Шашу»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Лидер»  
17.00 «Бір шәугім шай»  
18.00 «Мақсатына жеткендер»  
18.30 «Әсем әуен»  
19.00 «Жетісу жақұты»  
19.35 «102» соощаает»  
20.00 «Әсем әуен»  
20.10 Д/ф «АЭК. Импорттан экспортқа»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Бауырластық»  
21.20 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 «Келін BATTLE»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Өнұраны  
06.00, 04.00 «Әзіл студио»  
06.30 «Ризамын»  
07.00, 20.00 Информбюро  
08.00, 01.00 «31 Әзіл»  
09.00 Мс «Аватар:Легенда об Аанге»  
09.30 МС «Губка Боб»  
10.00 Мс «Пингвины Мадагаскара»  
10.40 Мс «Кунг-фу Панда»  
11.30 Кино «Хранитель вре-мени»  
14.00 Х/ф «Вулкан»  
16.00 Х/ф «Снайпер: Финал убицы»  
18.00 Х/ф «Между небом и землей»  
21.00 Х/ф «Неудержимый»  
23.00 Х/ф «Копы в голубом запасе»  
02.40 «Time Vine»  
03.00 «TikTok show»  
03.20, 05.00 «What's up?»  
04.20 1001 әзіл  
04.30 Bala BATTLE  
05.20 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.50 Өнұран  
06.02 Тх «Ата-ана, бала-шаға»  
07.00,22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»  
08.40 Тх «Әңгімесі ауылдың»  
09.40 Т/х «Алыс шаһар»  
10.40 М/с «Ну Погоди»  
11.00,20.00 Сериал «Ветрен-ный»  
12.00,17.00,18.30,01.30 Теле-сериал  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30 Тх«Әмірші әйел»  
14.50 Тх «Түпсана және жасыл носки»  
16.20 М/с «Ну Погоди»  
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир  
19.30 Новости. Прямой эфир  
21.00 Сериал «Далекий город»  
23.30 Әзілің жарасса  
00.30,04.50 Жаңалықтар  
01.00,05.20 Новости  
03.50 Гүл-гүл  
04.20 Жұлдызды шаңырақта

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Өнұраны  
06.00,05.00 Әзіл студио  
07.00, 01.30 «31 әзіл»  
07.30 «Тәтті шоу»  
08.00 Мс «Аватар:Легенда

## Сенбі - Суббота, 23 мамыр

### ХАБАР

05.00,01.00 ҚР Өнұраны  
05.00 Тх «Фатмагүл»  
07.00 «Алғашқы»  
08.00 «Сәлем саған туған ел»  
09.30 «Балам үшін»  
10.00 М/ф«Ко под прикры-тием»  
11.30 Мс «Турбозавры»  
12.00 Х/ф «Рокки-5»  
14.00 «XXI ғасыр көшбасшысы»  
15.30 «Қызық times»  
16.45 Телехикая «Келінжан»  
19.00 «7 күн»  
19.40 Жұмыр жер  
20.00 «Cover show»  
22.00 Х/ф «Рокки Бальбоа»  
23.45 «Қайтар маған»

### ЕВРАЗИЯ

06.00,02.45 П@утина  
06.00 Главные новости  
08.30 Парламент Online  
09.00 Х/ф «Выход»  
10.45 Сериал «Тайна Марий»  
15.00 «QOSLIKE»  
17.40 Кино «ЗаманBack»  
20.00 «Асау жаңалықтар»  
20.35 «Заң мен ел»  
21.00 Х/ф «Переезд»  
01.10 Х/ф «Горько в Мек-сике»

### КТК

07.00 ҚР Өнұраны  
07.05 Әнім сен едің  
08.00 Ө/ф «Бір алқаның қасіреті»  
09.40 Вечерние новости  
10.20 Сериал «Карта желан-ный»  
14.00 Сериал «Однажды в чукурова»  
18.20 «Мұхтар ханзада»  
21.00 Сериал «Не разбей мое сердце»  
00.40 «Бір алқаның қасіреті»  
02.10 «Мұхтар ханзада»  
04.10 Әнім сен едің

### ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық»  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Үлкен отбасы»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Моя работа – часть меня»  
12.00 «Біздің толқын»  
12.50 «Әсем әуен»  
13.00 «Мақсатына жеткен-дер»  
13.35 «Әсем әуен»

об Аанге»  
08.50 Мс «Губка Боб»  
09.20 «Готовим с Адель»  
10.00 «TeleBingo»  
10.30 «Күліп All»  
11.00 Саумал  
11.20, 03.00 «TikTok show»  
11.30 Х/ф «100% Волк»  
13.30 Х/ф «Томв: Лара Крофт»  
15.50 Х/ф «Черная вдова»  
18.30 Х/ф «Притворитесь моей женой»  
20.50 Х/ф «Великолепная семьярка»  
23.30 Х/ф «копы в глубоком запасе»  
03.30 «Time Vine»  
03.50 «1001 әзіл»  
04.00 «BALA BATTLE»  
04.30 «What's up?»  
05.30 Ризамын

14.00 «Жетісу жақұты»  
14.35 «102» соощаает»  
15.00 «Аман болайық»  
15.40 «Әсем әуен»  
16.45 Д/ф «Менің мамандығым»  
17.00 «Шашу»  
17.40 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
18.00 «Абадан»  
18.20 «Әсем әуен»  
19.00 «Қылышсыз майдан»  
19.40 «Әсем әуен»  
20.00 «Дала сыры»  
20.15 «Әсем әуен»  
20.30 «Апта»  
21.30 «Апта»  
22.30 Д/ф «Fake You»  
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ  
06.00, 04.40 Әзіл студио  
07.00 «Күліп All»  
07.30 «Тәтті шоу»  
08.20 Мс «Аватар. Легенда об Аанге»  
09.10 Мс «Пингвины мада-гаскара»  
10.00 «Готовим с Адель»  
10.40, 11.20 «Шаншар»  
11.00 Саумал  
12.00 Кино «ЗаманBack»  
14.00 Кино «Хранитель вре-мени»  
16.30 Х/ф «100% Волк»  
18.30 Х/ф «Томв: Лара Крофт»  
20.50 Х/ф «Черная вдова»  
23.30 Х/ф «Камбэк»  
01.30 «Bizdin show»  
03.00 «Тамаша Live»  
05.00 «1001 Әзіл»  
05.10 «Bala Battle»  
05.30 Whats up

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.50 Өнұран  
06.02 Әзілің жарасса  
07.00, 22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»  
08.40 Тх «Алыс шаһар»  
09.40 Тх «Кеш келген махаббат»  
12.00,18.00 Телесериал  
13.00 Алдараспан  
14.00 К/ф «Гәп»  
16.00 «Жарқыраған жұлдыз»  
17.00 Тх «Әңгімесі ауылдың»  
20.00 Сериал «Ветренный»  
21.00 Сериал «Далекий город»  
23.30 Тх «Әңгімесі ауылдың»  
00.30 Әзілің жарасса  
02.40 Гүл-гүл шоу  
03.30 Әйгерім Сейфолланың сырласуы  
04.20 Жұлдызды шаңырақта  
05.10 Қызықты weekend

### 7 КАНАЛ

06.00,05.50 ҚР Өнұраны  
06.02 Жарқыраған жұлдыз  
07.00,22.00 «Үзілген жапырақтар»  
08.40 Тх «Алыс шаһар»  
09.40 Тх «Кеш келген ма-хаббат»  
12.00, 18.00 Телесериал  
13.00 Алдараспан  
15.00 К/ф «Тойхана».  
17.00,23.00 Тх «Әңгімесі ауылдың»  
20.00 Сериал «Ветренный»  
21.00 Сериал «Далекий город»  
00.30 Алдараспан  
02.40 Гүл-гүл шоу  
03.30 Әйгерім Сейфоланның сырласуы  
04.20 Жұлдызды шаңырақта  
05.10 Қызықты weekend

## ЖАУ ҚОЛЫНДА ЖАЗЫЛҒАН ЖЫР

Жалғасы. Басы 10-бетте

Осымен қысқартамын өткен істі,  
Өншейін, ән салған соң еске түсті.  
Ұзартып өткен істі не қылайын,  
Тыңдаңыз мына көрген сұм тұрмысты.

Тыңдаңыз, аға-жеңге, іні-бауыр,  
Замандас, құрбы-құрдас және тәуір.  
Өксігім ойлағанда басылмайды,  
Бұл қиял көңіліме түскен ауыр.

Сөзіме құлағың сал осы жазған,  
Тыңдаушы айып етпе болса жалған.  
Тарихын аз өмірмен баяндайын,  
Бейнетті көзбен көрген жақсы-жаман.

Дүниенің көзбен көрдім, кең мен тарын,  
Халықтың серпілттік біз, қайғы зарын.  
Ананың әппақ сүтін, адам ақтап,  
Солдаттың қуанттың қай сүйген жарын.

Бұл жерде жалған сөз жоқ қиыстырған,  
Шын сезім, көзбен көрген жиыстырған.  
Отанға, партияға, туған жерге  
Махаббат бәрімізді туыстырған.

Қор болар құлдығында ғазиз басың,  
Қор болар, көзден аққан қанды жасың.  
Итің де ашыққанда әрең жейтін,  
Кең қоқыр, боқтық болар жеген асың.

Қолыңа тие қоймас ол да тегін,  
Таяқ жеп, жәбір көрмей қамбайлардан.  
Түсірген адамзатты мұндай күнге,  
Қүлімсік көргенсізді, қайдан көрдің.

Айдайды қаз-қатарлап, күнде ісіне,  
Амалсыз өлмеген соң жүресің де.  
Жолшыбай сүйек-саяқ жатыр ма деп,  
Болады екі көзің күресінде.

Дән көрсең нағыз түйір жүгіресің,  
Тез жетсең қолға алып үлгересің.  
Егер де жазатайым аз бөгелсең,  
Дүміне көк мылтықтың кезігесің.

Соққыдан омақасып жығыласың,  
Өл құрып дем ала-алмай булығысың.  
Қор болып сол бетіңмен қалдың жатып,  
Кісі жоқ сүйемелдеп тұрғызатын.

Өйткені әркім қайғы, өз басымен,  
Шама жоқ қоштасуға жолдасымен.  
Күн туса, әке безер деген осы,  
Санаспай баласының көз жасымен.

Нан берер сәткесіне 300 грамм,  
Опилке тең жартысы, құм сыпырған.  
Дәмі жоқ, татымы жоқ баланданың,  
Күн өлшер бұл тамақпен қайтіп адам.

Өрі тар, өрі суық жатқан орның,  
Жұмыр бас жау қолында не көрмедің.  
Аштықтан 45-тің жылдарында,  
Кісі өлді бір лагерден, 150 мың.

Лагерь көп, бір бұл емес санай берсең,  
Есептеп айтып болмас бәрін терең.  
Осындай бір лагердің жөнін жаздым,  
Ішінде өзім болып, көзім көрген.

Ұғып ал, бұл сөзімді кейінгі жас,  
Білдің ғой кім екенін кесірлі қас.  
Қанша елдің қаскүнемнен кегін алып,  
Қайғырған Нұрсейіттің көңілін аш.

Жазылды осы өлеңім жау қолында,  
Қоршаулы темір тормен, тар орында.  
Аштықпен, ауырумен азап шегіп,  
Жүргенде жүнсіз мақұлық, мал орнында.

Жарадан тәуір болдым тоғыз айда,  
Осындай бейнет көрдім жау қолында.  
Белгісі осколконың әлі де бар,  
Денем сау, жеті жерден аяғымда.



Бұл жара әлсіреткен мені бір күн,  
Бой жазып қимылдауға бермей мүмкін.  
Осыдан бас көтеріп жазылып ем,  
Тағы да құда түсті сүзек шіркін.

Сүзекпен тағы ауырдым 2-3 айдай,  
Түн болса ұйықтамаймын, салып айқай.  
Пленде мен көрмеген қорлық бар ма,  
Бейнетті, жас басымнан болдым сондай.

Жазылдым есен-аман мұнан тағы,  
Тірі қалған адамның бар ма арманы.  
Бұл бейнет жазылсам да естен кетпес,  
Нүкеннің бейнет көрген шыбын жаны.

Өлмеген шыбын жанға болар қайла,  
Біз жүрміз әзірінде мұндай жайда.  
Босанып бұл тұтқыннан елге барсам,  
Қуантар ата-ананы, күндер қайда.

Біз жүрміз герман иттің лагерінде,  
Қор болып қансорғыштың жәбірінде.  
Ұйқы жоқ күндіз-түні, күлкі де жоқ,  
Осы қал біздің көрген әзірінде.

Күн бар ма бұл қайғыдан құтылатын,  
Жадырап жаз күніндей жадырайтын.  
Бостандық, азаттыққа қол жеткізіп,  
Адам боп ел сәніне қосылатын.

Болмаса осыменен өтеміз бе,  
Көре алмай күн сәулесін кетеміз бе.  
Қызарған күн ұзара қызыл гүлдей,  
Көз жұмып, көр жамылып өлеміз бе.

Жоқ жаным жаси берме, біз өлмейміз,  
Тегінде бейнет көрмей түзелмейміз.  
Әне таң, әне сәуле, әне жарық,  
Көрдің бе, құтыламыз көп жүрмейміз.

Күн туар, бізге тағы дем алатын,  
Ойнақтап темір тордан босалатын.  
Сағынған семьяны сүйіп-құшып,  
Аман сау, елге барып қуанатын.

Қаңқылдап қайтқан қаздай біз қайтармыз  
Мұратқа тірі болсақ бір жетерміз.  
Қан жұтып, қайғы басқан бұл жүректі,  
Қуантып үйге барып тербетерміз.

Болады, сол уақытта бәрі де ұмыт,  
Үйіңе сәлем беріп, келсең кіріп.  
Қайғы басқан көңілім жай табар еді,  
Көрмеген неше жылдай елді көріп.

Тыңдаңыз сол кездегі плен қалың,  
Ит неміс көп адамның төкті қаның.  
Немістің «СС» деген армиясы,  
Тапсырды талай ерлер шыбын жаның.

Айтайын плен жайын Батыстағы,  
Қор болған темір торда қашып қаны.  
Сол кезде Америка көмек берді,  
Соғысып жауды қуған солдаттары.

Жақындап соғыс келді қасымызға,  
Уайым қатты түсті басымызға.  
Немістер атып, тастап кетеміз деп,  
Қалдырмай бір пленді артымызға.

«СС»-тің көрсе ататын жаман түрі,  
Қан жұтып солдаттарының қашқан сұры.  
Тез келіп Америка солдаттары,  
Босатты, аман қалдық өлмей тірі.

Неміске, Америка бұйрық берді,  
Өлтірсең, сау қалмайсың бір пленді.  
Ойласаң сау қалсын деп қалған халқың,  
Аман-сау қолға тапсыр бар пленді.

Сол приказ ажалсызға болған себеп,  
Мылтығын қайтып алды тұрған кезеп.  
Неше жыл айдауында бейнет көріп,  
Күн туды алатуғын жаудан кезек.

Сол приказ туған елден келсе керек,  
Сондықтан Америка берген көмек.  
Пленге өте жақсы көңіл бөлді,  
Тамағы қарын тояр болды паек.

Бостандық бізге дағы тиді сонда,  
Көп жылдай бейнет көрген темір торда.  
Кегінді осындайда алып қал деп,  
Ерікті, союзник берді қолға.

Сол кезде Америка берді көмек,  
Көз салып батыстағы плендерге.  
Босатып темір тордан аш, арықты,  
Құрметтеп тамақ берді осы жерде.

Босанып темір тордан шықтық жайға,  
Көруге мұндай күнді, бар ма еді ойда.  
Қара жер қақпақ тастай көрінетін,  
Шыбын жан кеткен ұшып түсті бойға.

Ашылып темір торы, қалды бірақ,  
Қандада жеген бүрге иттей талап.  
Босанып темір тордан кете бардық,  
«Гам» деген алдыдағы қалаға қарап.

Лагерден осы қала он шақырым,  
Тілегін берген құдай біз пақырдың.  
Ажалсыз жан өлімнен құтылады,  
Табиғат өзі оңғарды істің артын.

Жинады плендерді қала «Гамге»,  
Жеті мың адам болды бұл лагерде,  
Сыйлады құрмет етіп бірнеше күн.  
Дайындап қайтаруға туған елге.

Шекер, бал, май мен сұңқар тамағымыз,  
Күн сайын көтерілді қабағымыз.  
Біз көрдік осы кезде сый-сипатын,  
Пленнен өлмей тірі қалғанымыз.

Береді ертелі кеш май мен етті,  
Лақтырар пашкасымен сигаретті.  
Ақ нан мен секер балды қатар беріп,  
Осындай сый-сипатпен құрмет етті.

Қайтуды туған елге тұрмыз ойлап,  
Қызыққа босанған соң бар ма тоймақ.  
Ән салу, өлең айту міндетіміз,  
Шығарып іштен жалын қайғы жоймақ.

Ұмытпай еске алайын осындайда,  
Өлген жан тірілетін дәурен қайда.  
Қапыда қайтыс болды көп жолдасым,  
Көре алмай елі, жұртын боп арманда.

Ел үшін, Отан үшін кім өлмеген,  
Бейнетті Отан үшін кім көрмеген.  
Жауласып жан шыққанша жауын қырып,  
Жан беріп Отан үшін жер көмілген.

Қапыда қайтыс болған ер бауырым,  
Тұрмыстың қатты тартып ең ауырын.  
Мақсатты кейінгі жас орындады,  
Ел үшін, Отан үшін жеңіп жауын.

Осымен қысқартамын сөз аяғын,  
Ашылып, көтерілді сынған сағым.  
Тыңдаушы бұл сөзіме құлағың сал,  
Айтамын туған елдің енді жайын.

Жылында қырық екінші, қырық үшінші,  
Қарыштап еліміздің есті күші.  
Көк тіреп кеуде соққан фашистерді,  
Түйреді көк найзаның өткір ұшы.

Жинақтап, редакция алқасына  
ұсынған:  
Қаршыға ТҮГЕЛОВА,  
Зейнеткер-ұстаз  
Алакөл ауданы,  
Ақтүбек ауылы

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 81 ЖЫЛ

## ТЫЛДА ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК ЕТКЕН АРДАГЕР АТАМ

Адамзат тарихында үлкенді-кішілі мыңдаған соғыстар болған екен. Бірақ, солардың ішінде ауқымды, құрбандықтар мен алапаттығы жағынан ең жаңа дүниежүзілік соғыс дейді тарихшылар. Ұлы Жеңісті жақындатуға біздің Қазақстандық жауынгерлер де жанкештілікпен күш салды. Соның ішінде майдандағы жеңіске тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі зор. Тылдағы еңбекшілер жоғарыдан берілген жоспарды орындау барысында күні-түні еңбек етті. Солардың қатарында менің атам Ахметқали Қанафияұлы болғандығын мақтанышпен еске аламын.

Атамыз 1920 жылы бұрынғы Семей облысы, Ақсуат ауданы Ойшілік ауылында дүниеге келген. Отбасында үш қыз, бір ұл болған екен. 1935 жылдан бастап еңбекке ерте араласып, 15 жасында бар білімімен колхоздың есебін жүргізуден бастаған. 1941 жылы соғыс басталғанда құлағы дұрыс естімегендіктен, денсаулығына байланысты майданға бара алмапты. Алайда, ауылда қалып, бұрынғы «Комсомол» совхозында тыл жұмысына ерте араласып, басқа ер азаматтардан, ересек оқушы балалардан құрылған жұмысшы топта бригадир ретінде соғыс аяқталғанға дейін еңбек етеді.

Соғыс жылдары егін салып, алынған өнімді үкіметке тапсырып отырған. Совхоздың қойма меңгерушісі қызметін де атқарған. Ахметқали Қанафияұлы КСРО-ның Жоғары Кеңес Президиумы атқару комитетінің Семей облыстық депутаттар кеңесінің шешімімен 1981 жылы 26 тамызда «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. Бейбітшілік заман орнағаннан кейін отбасын құрып, бір ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірген, «Комсомол» совхозында жанармай құю бекетінде еңбек етіп, зейнетке шығады.

Өмірінің соңына дейін коммунистік партияның мүшесі болды. Қазіргі уақытта оның ұлы, менің әкем Ахметқалиұлы Съезғали анам Мұратқызы Гүлнар екеуі 2024 жылы Жер жәннаты Жетісу облысы, Талдықорған қаласына көшіп келіп отбасы болып, бірге тұрып жатырмыз.



Қуанышбек ҚАНАФИН,

Жетісу облысы Талдықорған өкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

## ӨНЕР АДАМДАРЫ БІЛІМ ОРДАСЫНДА

«ZHANSUGUROV COLLEGE» СТУДЕНТТЕРІНІҢ КИЕЛІ ШАҢЫРАҚ-БИКЕН РИМОВА АТЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ АКТЕРЛЕРІМЕН «ТЕАТР - ХАС СҰЛУДЫҢ КӨЗ ЖАСЫНДАЙ МӨЛДІР ӨНЕР» ТАҚЫРЫБЫНДА КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТТІ.



Кездесуге талантты театр және кино актері, театр фестивалдерінде екі дүркін «Дебют» және «Үздік ер адам» номинацияларының иегері, Жамбыл ауданының құрметті азаматы Еркебұлан Айдынбаев бастаған жас актерлер мен актрисалар келді. Кездесу барысында студенттер өнер иелерімен еркін сұхбат құрып, өздерін қызықтыратын сұрақтарына жауап алды. Қонақтар өз тәжірибелерімен бөлісіп, өнер жолындағы жетістіктері мен қиындықтары туралы айтып өтті.

Кештің шымылдығы актерлардың шығармашылық жолынан сыр шертетін бейнероликпен ашылды. Жиналған қауым әртістердің алғашқы рөлдерінен бастап, бүгінгі биік белестеріне дейінгі жүріп өткен жолына куә болды. Кездесу барысында актерлар көрермендер тарапынан қойылған түрлі сұрақтарға жауап берді. Рөлге ену құпиясы, актерлар образдан шыға алмай қалатын сәттері немесе қиын рөлдерді қалай игеретіні туралы әңгімеледі. Сахнадағы аяқ асты болған күлкілі жағдайлар мен гастрольдік сапарлардағы қызықтар айтылды. Сонымен қатар, бүгінгі жас актерларға қойылатын талаптар мен театрдың қазіргі қоғамдағы орны талқыланды.

Кеш тек сұрақ-жауаппен шектелген жоқ. Актерлар өз өнерлерін ортаға салып, монологтар оқып, ән шырқады. Кейбір жас көрермен үшін шағын шеберлік сағаты ұйымдастырылып, сахна тілі мен қимыл-қозғалысының қыр-сыры көрсетілді. Кездесу соңында белсенді көрермендерге актерлардың қолтаңбасы бар естелік сыйлықтар мен театр қойылымдарына билеттер табысталды. Жиналған жұртшылық сүйікті әртістерімен суретке түсіп, рухани азық алып тарқасты. «Zhansugurov College»-нің студенттері де қарап қалған жоқ, актерлардың өнерін тамашалап болған соң қырғыз жазушысы, драматург Мар Байжиевтің «Тіл табысқандар» комедиясын сахналап, келген қонақтарды өнерлерімен тәнті етті.

Осындай әсерлі шаралар жас ұрпаққа үлкен рухани азық беріп, өнерге деген қызығушылығын, ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырары сөзсіз. Сахна – ұлылықтың ордасы. Театр-өмір айнасы. Театр — бұл адам жанын тәрбиелейтін, өмірдің ащы-тұщысын сахна тілімен жеткізетін киелі шаңырақ. Ондағы әрбір актердің тағдыры – мыңдаған көрерменнің жүрегіне жол тартатын ертегі.

С. М. ЖҰМАДІЛОВА

«Zhansugurov College»-нің арнайы пәндер оқытушысы

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Қазіргі таңда жасанды интеллект технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Бұл технологиялар оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, студенттердің қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college» колледжінде де заманауи цифрлық технологияларды сабақ барысында тиімді пайдалану жүзеге асырылуда.

Мен информатика пәнінің оқытушысы ретінде жасанды интеллект құралдарын сабақ барысында үнемі қолданамын. Бұл платформалар студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға көмектеседі.

Сабақ барысында ең жиі қолданылатын платформалардың бірі — ChatGPT. Оның көмегімен студенттер бағдарламалау тапсырмаларын орындап, кодтағы қателерді анықтайды, жаңа тақырыптарды түсінеді және қосымша ақпарат алады. ChatGPT студенттердің өздігінен іздену дағдысын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, Microsoft Copilot платформасын мәтіндер дайындау, код жазу және презентациялар құрастыру кезінде пайдаланамыз. Бұл құрал уақытты тиімді пайдалануға және тапсырмаларды жылдам орындауға мүмкіндік береді.

Ал Gemini платформасы ақпарат іздеу, мәтіндерді өңдеу және жобалық жұмыстарды орындау кезінде қолданылады. Студенттер қажетті ақпаратты жылдам тауып, оны сараптап үйренеді.

Сабақтарды қызықты өткізу мақсатында Wordwall платформасын қолданамын. Бұл сервис арқылы түрлі интерактивті ойындар, тесттер, сәйкестендіру тапсырмалары мен

викториналар дайындалады. Нәтижесінде студенттердің сабаққа белсенділігі артып, пәнге қызығушылығы жоғарылайды.

Сонымен бірге, қазіргі таңда студенттермен бірге Flow платформасы арқылы жасанды интеллект көмегімен видеолар жасаймыз. Бұл жұмыстар өсіресе жобалық тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстар кезінде тиімді. Студенттер видео монтаждау, сценарий құру, визуалды контент дайындау дағдыларын меңгереді. Flow платформасы студенттердің креативті ойлауын дамытып, цифрлық ортада еркін жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект технологияларын білім беру процесіне енгізу — заман талабы. Осындай платформаларды тиімді қолдану арқылы студенттер заманауи технологияларды меңгеріп, болашақ маман ретінде кәсіби дағдыларын қалыптастырады.

«Zhansugurov college» колледжінде білім сапасын арттыру мен цифрлық білім беру ортасын дамыту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

Айжан ШАБДАНБЕКОВА,  
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college» Информатика пәнінің оқытушысы

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

## ШИПА МЕН МЕЙІРІМ ИЕСІ

Еліміздің денсаулық сақтау жүйесінде мейіргерлердің рөлі едәуір артты. Қызмет аясын кеңейту және өкілеттіктерді беру арқылы мейіргерлер медициналық көмекті командалық үлгіде көрсету жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл дәрігерлердің жүктемесін азайтуға, пациенттер ағынын тиімді үйлестіруге, сондай-ақ медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

12 мамыр - Қазақстанда және бүкіл әлемде Халықаралық мейіргерлер мерекесі аталып өтілуде.

Осы мереке аясында Талдықорған қалалық №2 ауруханасының ақ халатты абзал жандары, №30, 33 учаскелік медицина қызметкерлері Фахриддин Ашрапов, Аяулым Айымбетова, Алтынай Жақупова, Самал Дүйсенбинова, Назерке Мұхаметқали, Маржан Қанатқызы, Алмагүл Мамажанова сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтаймын!

Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз, адамгершілік қасиеттеріңіз және науқасқа деген қамқорлық көрсеткендеріңіз үшін шын жүректен алғыс білдіремін. Адам өмірін сақтап, үміт сыйлайтын аса маңызды іс. Күндіз-түні аянбай еңбек етіп, алтын қолдарыңыз бен ақ жүректеріңіз көптеген адамдарға өмір сыйлап, үміт ұялатады. Әр күніңіз алғысқа толы болып, еңбектеріңіз әрдайым бағалана берсін.

Сіздерге зор денсаулық, отбасы амандығын және толағай табыс тілеймін. Еңбектеріңіз әрқашан бағаланып, халықтың алғысына бөлене беріңіздер!

Ізгі тілекпен:  
Күміс ЖҰМАДІЛҚЫЗЫ,  
«Шайқорған» саяжай тұрғыны  
Талдықорған қаласы



ҚҰҚЫҚ

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ

ҚР Конституциялық Соты адвокаттың тәртіптік жауапкершілігіне тартылуына, адвокаттар алқасынан шығарылуына және адвокаттық қызметпен айналысу лицензиясынан айырылуына байланысты өтінішті қарап. Конституциялық бақылау сот шешімдерін қайта қарауға бағытталмайтындығын түсіндірді, - деп хабарлайды Zakon.kz.

Өтініш иесі «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңның және Азаматтық процестік кодекстің жеке-леген ережелеріне даулай отырып, қалыптасқан сот практикасы тәртіптік жауапкершілік мерзімдерін кеңінен түсіндіруге, сондай-ақ заңды күшіне енген сот үкімінің преюдициялық мәнін елемеге жол береді деп пайымдаған.

Алдын ала зерделеу барысында Конституциялық Сот дауланатын отырған норма сотта қолданылған не нақты іс бойынша азаматтың құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсер еткен жағдайда ғана, өтініш қарауға

қабылданатынын көрсетті.

Сонымен қатар, өтініш иесі көрсеткен бірқатар ережелер оның ісін қарау барысында соттар тарапынан қолданылмағаны анықталды.

Конституциялық Сот Азаматтық процестік кодекстің 226-бабының бесінші бөлігі сот шешімінің дәлелді бөлігіне қойылатын талаптарды бекітетінін, ал кодекстің 427-бабы төртінші бөлігі процестік заңнаманы елеулі бұзу анықталған кезде сот актісінің сөзсіз күшін жою негіздерін белгілейтінін түсіндірді.

Конституциялық Сот аталған нормалар сот ісін жүргізу тәртібін реттейтінін және істің нақты мән-жайларын бағалауды көздемейтінін атап өтті. Ал мұндай мәселелер жалпы юрисдикциядағы соттардың құзыретіне жатады.

\*\*\*

Конституциялық сотқа әскери қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау шартта-



рын айқындайтын Әлеуметтік кодекстегі нормаға қатысты өтініш келіп түсті, деп хабарлайды Zakon.kz.

Өтініштің түсуіне еңбек өтілі 26 жылдан асқан, бірақ теріс себептермен қызметтен босатылған бұрынғы әскери қызметшіге зейнетақы тағайындаудан бас тарту фактісі негіз болған. Төменгі сот инстанциялары бұл шешімді заңды деп таныған.

Өтініш беруші қажетті еңбек сіңірген жылдары болған жағдайда, зейнетақы тағайындау үшін міндетті түрде шекті жасқа жету талабы өзге негіздер бойынша босатылған адамдармен салыстырғанда әділетсіз деп есептейді.

Конституциялық соттың түсіндіруінше, әскери зейнетақы екі шарт сақталған жағдайда ғана тағайындалады: жеткілікті еңбек сіңірген жылдардың болуы және қызметтен шекті жасқа жетуіне байланысты босатылуы. Бұл талаптар әскери қызметтің ерекше мәртебесін ескере отырып заңмен белгіленген.

Нәтижесінде Конституциялық сот әртүрлі жағдайлар үшін әртүрлі талаптардың болуы, егер олардың ақылға қонымды және заңды негізі болса, өздігінен кемсітушілік болып саналмайтынын атап өтті.

## ДРОППЕРСТВО

# НАДО БЫТЬ МАКСИМАЛЬНО ОСТОРОЖНЫМИ

В последнее время мы стали часто слышать юридический термин «дропперство». Какова простой смысл этого слова. Дропперство (дропперы, дропы) - это участие в мошеннических схемах, где банковские карты или счета используются для перевода, обналчивания или отмывания похищенных у жертв денег. Термин происходит от английского drop - «сбрасывать». Дропперы не являются организаторами преступления, а играют посредническую роль. Они соглашаются получить на свой счёт деньги, добытые незаконным путём, и затем перевести их другим лицам. Чаще всего — за определённое вознаграждение. Благодаря этой схеме злоумышленникам легче скрыть своё участие в преступлении.

Под дропперством понимается учас-

тие в операциях по обналчиванию или переводу чужих средств, происхождение которых может оказаться незаконным. Часто люди становятся дропперами непреднамеренно, не осознавая последствий. Например: мошенники похитили деньги с банковской карты и хотят замести следы. Они переводят средства на счёт другого человека (дроппера), который может даже не знать, что деньги получены незаконно. После этого дроппер отправляет их дальше, оставляя себе небольшую часть в качестве вознаграждения.

Надо запомнить, что любая транзакция оставляет цифровой след. В случае расследования именно держателю карты придется объяснять, откуда на его счет поступили подозрительные средства.

Даже если человек действовал из лучших побуждений, в глазах закона он становится соучастником финансовых махинаций.

Для ведения системную борьбу с кибермошенничеством, укрепление финансовой безопасности граждан и пресечение деятельности преступных групп, действующих в цифровом пространстве с 16 сентября 2025 года в Уголовный кодекс Республики Казахстан введена новая статья 232-1, устанавливающая ответственность за дропперство. В зависимости от тяжести, характера действий и размера полученной выгоды статья 232-1 УК предусматривает наказание от штрафа и от 3 до 7 лет лишения свободы с конфискацией имущества.

Таким образом, простая услуга знакомому или случайному попутчику мо-

жет закончиться серьезным уголовным делом. Поэтому, чтобы не попасть на такую неприятную историю надо быть максимально осторожными и помнить: не принимайте переводы от незнакомых или малознакомых людей; не соглашайтесь снимать наличные с чужих карт; не участвуйте в сомнительных операциях, даже если они кажутся безобидными. Поскольку, это «доброе дело» может обернуться следствием, а помощь другому — реальным тюремным сроком.

Олег АНИСИМОВ,  
председатель  
Текелийского городского суда

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

# КӨП БОЛЫШ ҚОЛҒА АЛСАҚ...

Күнделікті ақпараттар ағынына көз жүгіртіп, құлақ түрсек, сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселе әңгіме арқауына айналып, лауазымды тұлғалардың заңға қайшы әреттерінің әшкереленіп жатқанын жиі естіп жатамыз. Бұл тек біздің елде ғана емес. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық жаһандық тұрғыда өзекті мәселелердің біріне айналды. Осы әлеуметтік кеселмен ымырасыз күресу барлық елдерге тән, тіпті нарықтық экономикасы бар демократиялық мемлекеттерде де кездеседі. Әрбір мемлекет жаңғыру кезеңінде болған уақытта сыбайлас жемқорлық әрқашан жоғары болады. Сондықтан мемлекетіміз үшін сыбайлас жемқорлықты жеңу басты мақсаттың,

мемлекеттік саясаттың бірі болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары белгіленген. Атап айтқанда: заңдылық; адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы; жариялылық пен ашықтық; мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану; 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану; 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу; 8) сыбайлас жемқорлық

құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Ал, аталған заңның 5-бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Заңға сәйкес, басты мақсат - қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай: қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту; сыбайлас

жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сайып келгенде, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік институттарға деген сенімге нұқсан келтіреді, экономикалық дамуды бәсеңдетеді және азаматтар мен қоғамның өмір сүру сапасын төмендетеді. Сондықтан бұл кеселмен күресу — әрбір азаматтың міндеті болуы тиіс. Осылайша, көп болып қолға алатын болсақ іс нәтижелі болар деп ойлаймын.

Қуанышбек ҚАНАФИН,  
Жетісу облысы Талдықорған  
әкімшілік құқық бұзушылықтар  
жөніндегі мамандандырылған  
ауданаралық сотының бас маманы

## К СВЕДЕНИЮ ПРИЗЫВНИКОВ

# ОБРАЩЕНИЕ МИНИСТЕРСТВО ОБОРОНЫ РК

В Министерстве обороны РК подробно рассказали, как в стране действует сервис вручения повесток призывникам онлайн, передает NUR.KZ. Казахстанцев попросили проверить актуальность отсрочки.

В Минобороны рассказали о процессе цифровизации системы воинского учета и призыва. Повестки сейчас направляются не только в бумажном формате, но и через SMS, личный кабинет на портале eGov и приложение eGov Mobile.

«Это позволяет быстрее информи-

ровать призывников и снижает риск пропуска уведомлений. Система интегрирована с государственными базами данных, поэтому сведения об образовании, семейном положении, месте работы и регистрации автоматически подтягиваются из информационных систем госорганов. Благодаря этому сокращается количество документов и упрощается процесс постановки на учет. Призывники могут проверить свой статус, наличие отсрочки и необходимость явки в военкомат. В перспективе система будет работать в проактивном формате — уведомления и

информация о статусе будут поступать автоматически», - отметили в министерстве.

Отдельно Минобороны обратилось к студентам. Отмечается, что при очном обучении в казахстанском вузе отсрочка предоставляется на весь период обучения, однако рекомендуется дополнительно убедиться, что данные переданы в местные органы военного управления, либо предоставить справку с места учебы. Для студентов зарубежных вузов отсрочка также возможна, но только при наличии официальных подтверждающих

документов. При этом обучение за границей не освобождает от обязанностей по воинскому учету — взаимодействие с местным органом военного управления осуществляется самостоятельно. А с программами foundation решение зависит от статуса программы и рассматривается индивидуально.

«Рекомендуем заранее проверять актуальность отсрочки, особенно в период каникул и временного пребывания в стране, чтобы избежать осложнений во время призывной кампании», — заявили в министерстве.

БӘЙГЕ

# ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ОЗДЫ ҒОЙ ЖАРЫСҚАНДА

Жетісу облысында 9 мамырда Жеңіс күні ұлттық ат спорты түрлері бойынша облыс әкімінің кубогына республикалық жарыстар өтті. Турнирге еліміздің әр өңірінен 100-ден астам шабандоз қатысты. Мөркелік спорттық шараға Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев арнайы барып тамашалады, - деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Турнир ат спортының үш түрі бойынша өтті. Қатысушылар құнан бәйге, топ бәйге және аламан бәйгеде бақ сынады. Ұлттық спорттың мереке күні бағдарламаға енуі Жеңіс күні тағылымын елдік рухпен, дәстүрмен және дала мәдениетімен ұштастырды.

Құнан бәйгеде Алматы облысы Жамбыл ауданынан келген «Бақ» атты тұлпар бірінші болып келді. Жүйріктің иесіне 1 млн.теңге ақшалай сыйлық берілді. Бұл санатта бес жүлделі орын белгіленіп, үздіктер қатарынан Жамбыл, Павлодар облыстары мен Жетісу облысының Ескелді және Панфилов аудандарынан келген тұлпарлар көрінді.

Топ бәйгеде Павлодар облысының «Майданқара» тұлпары оза шауып, бас жүлдені иеленді. Жеңімпазға 2 млн.теңге ақшалай сыйлық табысталды. Кейінгі орындарды Жетісу және Алматы облыстарының жүйріктері алды.

Аламан бәйгеде Алакөл ауданының «Ұлар» атты тұлпары үздік шықты. Тұлпар иесі облыс әкімінің Кубогын және 5 млн.теңге ақшалай сыйлықты жеңіп алды. Сонымен қатар Алматы, Жамбыл және Жетісу облыстарынан келген жүйріктер де жүлделі орындарға ие болды.

Жарыс қорытындысы бойынша әр санатта оза шапқан сәйгүліктер мен шабандоздар арнайы кубоктар, дипломдар және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Жетісуда өткен республикалық бәйге ұлттық спорттың өңірдегі беделін арттырып қана қоймай, мөркелік күннің мазмұнын да байыта түсті. Бәйге – қазақтың жылқыға деген ықыласын, шабандоздық өнерін және дала рухын сақтап келе жатқан спорт түрі. Сондықтан мұндай жарыстар ұлттық құндылықты жаңғыртып, жас буынның дәстүрлі спортқа қызығушылығын күшейтеді.

Суреттерді түсірген Қанат Өміралинов



ДЗЮДО

## КАМИЛА КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЗЮДОШЫ КАМИЛА БЕРЛІКАШ АСТАНАДА ӨТІП ЖАТҚАН GRAND SLAM ТУРНИРИНДЕ КҮМІС МЕДАЛЬҒА ИЕ БОЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.

Жетісулық қыз 78 келіден жоғары салмақ дәрежесінде финалға дейін жетіп, алтын медаль үшін ресейлік Элис Старцевамен белдесті. Шешуші белдесуде ресейлік балуан мерзімінен бұрын жеңіске жетті. Осылайша Камила Берлікаш жарысты күміс жүлдемен түйіндеді.

Айта кетейік, Қазақстан құрамасы өз жерінде өтіп жатқан Grand Slam турнирін сегіз медальмен аяқтады. Жарыс жеңімпаздарының қатарында Жалғас Қайролла (81 келіге дейін) мен Марат Байқамуров (100 келіге дейін) бар. Талғат Орынбасар (60 келіге дейін) мен Камила Берлікаш күміс жүлдеге ие болды. Ал Шерзод Давлатов (60 келіге дейін), Аңсарбек Ғайнуллин (73 келіге дейін), Айдар Арапов (90 келіге дейін) және Аида Тойшыбекова (78 келіден жоғары) қола медаль жеңіп алды.



БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – БАРШАҒА

## ҚАРАТАЛ АУДАНЫНАН ҚОС ЖАҢАЛЫҚ



2026 жылдың мамыр айының 4-7-күндері аралығында облыс аумағында бокс спортының дамуы деңгейіне мониторинг жүргізу, жұмыс кездесулерін өткізу және спорт инфрақұрылымының жай-күйін бағалау мақсатында Қазақстан бокс федерациясының вице-президенті Қайрат Тұрсынқанұлы Сәтжанов Жетісу облысының аудандары мен қалаларында қызметтік іссапарда болды. Іссапар барысында Қ.Сәтжанов Қаратал ауданында болып, спорт кешенін аралап, балғын боксшылардың жаттығуларын тамашалады. Болашақтағы жұмыстарға байланысты жаттықтырушыларға бірқатар ұсыныс беріп, нақты мақсат пен жоспарларды айқындады. Өсіресе спортшылардың оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыру, жаттықтырушылар арасындағы өзара тәжірибе алмасу және бірлескен жұмысты күшейтеу бағыттарына ерекше көңіл бөле кетті.

Жалпы атқарылған жұмыстар нәтижелі өтіп, қойылған міндеттер толық талқыланды. Жүргізілген жұмыс мазмұнды, тиімді және жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Қаратал ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне Маңғыстау облысы Жетібай ауылынан 2014 жылғы волейболшы жасөспірім қыздары келіп бірнеше күн бойы бірлескен оқу-жаттығу жиынын өткізді. Олардың бұл сапары тәжірибе алмасып, шеберліктерін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылды. Осы игілікті шаралар барысында қос тараптың да оқушылары өздерінің спорттық шеберліктерін шындалуға мүмкіндік алды. Екі спорт мектебінің ұжымы бірнеше жолдасдық кездесу өткізіп, солардың барысында тактикалық тұрғыдан ойын ернектерін айқындап, нығайта түсті. Қорыта айтқанда, маңғыстаулықтардың бұл сапары екі тарапқа да тиімді, әрі пайдалы болды.

Өз ТІЛШІМІЗ

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ

## ЖАРКЕНТТЕ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТКЕН ЖАРЫСТАР

Елімізде кеңінен аталып өткен мамыр мерекелері құрметіне Жаркентте бірнеше жарыс ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтті. Солардың екеуіне қысқаша тоқтала кетсек.

Панфилов ауданы, Жаркент қаласының Бөлек батыр саябағынан, Тәуелсіздік тұғырлы ту алаңына дейін Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай жасөспірімдер арасында веложарыстан аудандық ашық біріншілік өтті.

Ашылу салтанатында спорт саласының маманы Ерғали Оңалбайұлы Қонашев және бас төреші, Никита Леонидович Киселёв сөз алып, спортшыларға сәттілік тілеп, жарыс ережесін түсіндірді.

Аталған іс-шараға 30-дан астам адам қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша: Қыздар арасында



2010-2011ж.т қыздар арасында бірінші орынды Дильназ Сабитова жеңіп алса, екінші орын Виктория Калееваға бұйырды, ал үздік үштікті Инжу Курсебай түйіндеді. 2010-2011ж.т. ұлдар арасында Амир Рахманов алдына жан салмады, Радмир Сабитов күміс жүлдегер атанса, Нуршат Надилов қолаға қол созды. 2012-2013ж.т. ұлдар арасында Демьян Манзарға тең келер ешкім болмады. Дәрмен Әмірғазы мәре сызығын екінші болып қиса, Думан Жеңіс қола медальды қоржынға салды.

Жеңіске жеткен спортшылар Панфилов ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің мадақтама, медальдарымен, кубоктарымен және демеушілер есебінен бағалы сыйлықтармен мара-



патталды. Панфилов ауданы, Жаркент қаласының орталық стадионында Бірлік күні мерекесіне орай зейнеткер, білікті ұстаз Кенжебек Бәзілұлы Сұлтанбековтың құрметіне арналған ересектер арасында шағын футболдан облыстық жарыс өтті.

Ашылу салтанатында «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігі Жетісу облысының Панфилов аудандық филиалының төрағасы Ерлан Өмірғалиұлы Оспанбаев пен құрметті қонақтары сөз алып, командаларға сәттілік тіледі.

Аталған іс-шараға 28 команда қатысты. Жарыстың қорытындысы бойынша Каз Авто Жол командасы жеңімпаз атанды. Панфилов аудандық шекара басқармасы ұжымы екінші орынға ие болды. Ал, қола жүлде Қонаев қаласы футболшыларының еншісіне тиді.

Жеңіске жеткен командалар мадақтамалармен, «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Панфилов аудандық филиалының медальдарымен, кубоктарымен және демеушілер тағайындаған қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Алмас НҰРҒАЛИ, «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ Панфилов аудандық филиалының басшысы

